

11 КОЛН

Пионер (раз. 43)

1958.

1-12.



ЖЫЛ КЕШІНДЕ

Білінбейді тыста ызғар,
Боран ұйтқып басылды.
Жыл тойына күміс қар,
Шашу болып шашылды.

Шашуға біз шаттанып,
Алақанды тосамыз.
Алақайлап бәріміз
Аулада бас қосамыз.

— Сәби көңіл шапқысын,
Жабырқауды білмесін! —

Деп шырқадық, жырладық,
Тойлай бердік жыл кешін.

Қар себелеп тоқтады,
Қарай қалды көп жұлдыз.
Жер серігі өтті, эне!
Көк төсінде көрінді із.

— Айға сәлем алдағы,
Сәлем,— дедік,— Марсқа!
Көңіл құсы самғады,
Кетті алысқа, алысқа!

Ә. ДҮЙСЕНБИЕВ.



ПИОНЕР

№ 1

ЯНВАРЬ

1958 жыл.



Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

Айына бір рет шығады.

Шығуына 20 жыл.



МЕН ҚАЛАЙ АДАСТЫМ?

Жақында мықтап бір адасқаным бар менің. Адасудың түр-түрі болмай ма. Мәселен, қойнау-шатқалы көп, қар басқан жолсыз асулары бар тауларда, түнөре мүлгіп тұрған ну ормандарда, дөңбекшіп жатқан тентек теңіздерде, құс ұшпас құла түзде, бақытсыздыққа қарай, адасып кету қиын емес. Тіпті, кей кездерде іздеген үйіңді таба алмай көшеде де адасуға тура келеді.

Бірақ, менің бұл жолғы адасуым мұның біріне де ұқсамайтын еді. Масқара болғанда, класс ішінде, класс болғанда кәдімгі өзіміз оқитын 6-б класы ішінде тұрып адастым-ау!

Ол былай болып еді:

География сабағы жаңа ғана басталған. Осы сабақтың мұғалімі Кәдірбай ағай күндегі әдетімен біздің сабаққа дайындығымызды тексеріп алды да, үйге берілген тапсырма бойынша сұрақ берді:

— Апшерон және оның жаратылыс жағдайы. Кәне, кім айтар екен?

Оқушылар қолдарын жапырлай көтерісті. Қол көтермей қалған бір де-бір бала болсайшы, сірә. Құлшынып отыр шетінен. Бой көрсете алмай бұғып отырған жалғыз мен ғана.

Осы кезде: «Қой, мұғалімнің көзі түспей тұрып мен де көтерейін қолымды. Осынша баланың ішінде ала-бөтен мені шақыра қояр дейсің бе? Оқымай келгенімді қайдан білсін» деген ой басыма сап ете қалды да, қолымды көтеріп кеп жібердім.

Сабаққа түгел дайындалып келген оқушыларына қарап мұғалім риза болып тұрған сияқты. Табансыз кісінің жәйі белгілі емес пе, қолды көтеруін көтерсем де, қуыстанып отырмын. Ол тап бір менің, көз алдау әдісімді біліп қойып, соны мысқылдап тұрғандай болып та көрінді маған. Көзіне тіктеп қарай алмай тайқақси берем. Манағыдай емеспін, үріккен танадай жалтаң-жұлтаңым көбейіп кетті. Өстіп отырғанымда:

— Қабылов,—деген дауыс құлағымды жарып жібергендей болды. Бұрын Кәдірбай ағайдың үні сонша сүйкімді де мейірімді естілуші еді. Мүмкін оның даусы бұл жолы да сол мейірімділігінен айнымаған шығар, бірақ неге екенін қайдам, маған жайсыз естілді. Класта менен басқа тағы бір Қабылов бардай-ақ, айналама алаңдап қарай беріпін.

— Ал, Қабылов, неғып бөгеліп тұрсың, бастай бер,—деді менің әр қимылымды қа-

дағалап отырған мұғалім. Бала біткеннің бәрінің көзі менде, аңтарыла қалыпты. Кешегі шала-шарпы оқығандарымды ойлансам, кітап жолдары түсімде көрген қисынсыз шытырман елес сияқты, бұлдырап, кей жері еміс-еміс еске түседі. Осы есіме түскендердің бірінің басы, бірінің аяғынан жұлып тартып сөйлеп кеттім. Тіпті, үштіктен де үмітсіз емеспін өзім.



— Апшерон — үлкен арал, ол Европа құрлығының жоғарғы, жо... жоқ, солтүстік жағында. Өзі үлкен болғанда өте үлкен. Онда жабайы аңдар өте көп, біздің ауылдың қойларындай қаптап жүреді. Сонсын... әлгі жа... жабайы жыртқыштар шөпке жайылып жатады. Сонан кейін жаңағы...

Мен осылай дей бергенімде, бір топ қараторғайдың үркіп ұшқан дуылындай болып, класс ішін күлкі кернеп кетті. Тіпті Кәдірбай Жолдасовичтің өзі де күлді. Дегбірім қашқаны сонша, буын-буыным босап, екі тізем қалтырап, көз алдым қарайып жүре берді. Маңдайымнан шып-шып етіп суық тер шықты. Бет-аузым дуылдап барады. Сары жарғақ құлағым отқа қақтаған қаңылтырдай қызарды-ау деймін. Мұлт кетіп әбден былықтырып алғанымды білдім. Амал не, өзімнен өзім қашып құтыла алайын ба, тұрмын.

Күлкі басылып, класс тынышталған кезде, сол айтып тұрған Апшеронның өзін картадан көрсетуіме тура келді. Бұрынғы бұрынғы ма,

шатасар шағым енді келді, сорлы басым картаны бір қарасамшы, ең болмаса, деймін ішімнен. Қынжылғанмен лаж жоқ, сонымен карта бетіндегі саяхатым да басталды. Басталғанда манағы өзім айтқан Европада басталды. Көрсеткіш таяқшаның ұшы бүкіл материкті ойқастап өтіп, Атлант мұхитына келіп бір-ақ түсті. Бірде мұхитқа малтықсам, құрлық жиегіне секіріп шығамын. Арал болса теңіз жағасынан табылар деген үмітпен теңізден ұзамай біраз жүріп көріп едім, онан да ештеңе шықпады. Енді теңізді қойып, құрлықпен тарттым. Португалияның таулы өлкесін аралап, Мадридтің жанымен Францияға, онан оңтүстікке ойысып Италияға бет алдым. Ақбас Альпыны біраз шарлап, Апеннинге құлдырадым. Осы жерлердің бәрін көзім тани тұрып Апшеронды таба алмағанымға күйінем.

Не керек, кезбеген жерім қалмады. Дүниедегі төрт мұхит та, телегей теңіздер де, асу бермес асқарлар да артта қалды. Ақырында Азияның кең байтақ сақарасын аралап барып түнерген Тайгаға еніп кеткенімді бір-ақ білдім. Онан әрі барарға бағыт таппай, әбден діңкем құрыды. Американы ашатын Колумб да, жер шарын айналып шыққан Магеллан да, папуастармен достасқан Миклухо Маклай да, қысқасы, дүниеде бір де-бір саяхатшы мендей дағдарып, мендей азаптанбаған шығар.

Ту сыртымнан талай көз тесіле қарап, мені күтуде. Манағы алғаш сөйлей бастағанымда дуылдай күлген жолдастарым енді менің дәрменсіздігіме өкінісіп, аяныш білдіріп отырған сияқты. Бәрі де тым-тырыс. Ал, Кәдірбай Жолдасовичтің не ойлап отырғаны да белгісіз, сұқ қолымен столды сабырсыз тықылдатады. Үнсіз. Ең болмаса, ашу шақырып, мықтап бір ұрыспайды да, өйтсе, жеңілірек болар еді-ау маған.

Сөйтіп, не керек, Апшеронды табудан үміт үзілді, саяхатым сәтсіз аяқталды. Сүйретіле барып орныма отыруға мәжбүр болдым.

Менен кейінгі шыққан оқушы Апшеронды бірден-ақ көрсетіп, сұраққа толық жауап берді.

Енді байқасам, мен Апшеронды алыстан іздеппін. Ол мен айтқандай Европаның солтүстігінде емес, Каспийдің батыс жағасы, Кавказдың шығыс етегіндегі Баку тұрған кішкене ғана түбек екен.

С. Боранбаев.

ІЛІЯС ЖАНСҮГІРОВ

Қазақ совет әдебиетінің, оның ішінде, қазақ совет поэзиясының негізін салып, оны ілгері дамытушылардың бірі — Ілияс Жансүгіров.

Ақын 1919 жылы ақ бандылардың тырнағына іліккен қазақ жұртшылығына жаны ашып «Не күйде!» — деп толғанса, 1920 жылғы «Еңбекшілерге» деген өлеңінде, сол езіліп келген таптың бостандықты өз қолына алғандығын қуана жырлайды.

І. Жансүгіров шығармаларының негізгі тақырыбы Коммунистік партия мен В. И. Лениннің ұлылығын көрсетуге арналды. 1924 жылы «Ленин тірі» деген өлеңінде ұлы көсем салған жолдың мәңгі даңғыл екендігін айтады.

Онымен бірге, ақын өз кезіндегі тарихи оқиғалардың бәрін де толғана жыр етті. 1920—1923 жылдары жазған «Еңбекшілерге», «Екінші», «Жарлылар ұйымының жетісінде», «Кедей тойы» атты өлеңдерінде халқымыздың жеңімпаздық қуатын баса көрсетті. Сол сияқты 1920—1924 жылдары жазған «Жалпы жасқа», «Жас бұлбұлдарға», «Жастар ұраны», «Ана махаббаты», «Жас малшыға», «Саналы жасқа», «Жастар» деген өлеңдерінде жастарды өнер-білімге, мәдениетке, халық ісі үшін күреске шақырып, жар салды.

Ақын өлеңмен ғана шектелген жоқ, сонымен бірге, «Дапа», «Күй» «Күйші», «Құлагер» сияқты аса шебер, халық шығармаларының алтын қорына қосылатын тамаша поэмапар да берді.

Ілияс Жансүгіров тек ақын ғана емес, ол роман, әңгіме, пьесалар қалдырған жазушы, драматург.

Ол жас жеткіншектерді де әсте естен шығармады. Жас балаларға арнап өлеңмен жазған «Мектеп» атты пьесасы, «Одақ», «Малта», «Шәркей», атты шағын әңгімелері — қызығып оқырлық шығармалар.

Балалар, сендердің оқып танысуларың үшін біз төменде оның «Шәркей» деген әңгімесін ұсынып отырмыз.



ШӘРКЕЙ


Шәутен деген бала бар еді. Оның бір әдемі ақ қозысы бар еді. Шәутен ол қозысын жақсы көруші еді. Қозысының енесін апасына өзі сауғызушы еді. Қозысын өзі көгендеп, өзі ағытушы еді.

Шәутеннің аяғында шәутиген ғана шәркейі бар еді. Ағытып жатқанда қозысы Шәутеннің аяғын басып, шәркейінің ұлтанын түсіріп, жыртып-жыртып кетті. Шәутен шәркейіне жылап жіберді.


Апасы:

— Қой, балам, жылама! Осы қозыңның өзінің жүнін шәркей қып берем, онда қайтер екен, — деді.

Ақ қозы үлкен марқа болды. Кішкене күніндегі әдемі ақ бұйра жүндері ұзыннан-ұзын болып кетті. Шәутен де өсті. Жамаулы жаман шәркейі кішкенеден кішкене болып аяғына симай қалды.



Жүнді сабаймын.



Шиге тартамын.



Су кұйып сүйретеміз.



Білектейміз.



Қарпимыз.



Пішемін.

Шәутен:

— Апа, шәркейім аяғыма симай қалды,— деді.

Апасы:

— Ендеше, ақ маркаңды қырықтырып әкеле ғой, балам,— деді.

Шәутен Сансызбайға маркасын қырықтырды.

Шәутен апасына:

— Апа, маркаңды қырықтырып, жүнін әкелдім. Енді шәркейім болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, жүнді сабаймын,— деді. Апасы тулақ жайды. Ауылдың қатын-қалашын жинап, жүнді сабады.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, шиге тартамын,— деді. Қатындар жүнді шиге шабақтады. Аппак майдасын бетіне тартты.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, су кұйып сүйретеміз,— деді.

Су сеуіп шиге орады. Екі кісі тартып, өзгесі тепті.

Шәутен апасына:

— Апа, енді шәркейім болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, білектейміз,— деді.

Апалары білектеді. Бір жазып, бір бүктеп, көп-көп білектеді.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, қарпимыз,— деді.

Апалары киізді тікті, қайта-қайта қарпи берді.

Шәутен апасына:

— Апа, енді шәркейім болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, кепсін,— деді.

Апасы киізді таза жерге жайып тастады.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, енді пісіреміз,— деді.

Қайта-қайта білектеді.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, тағы да кепсін, — деді.
Апасы киізді тағы далара жайып қойды.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, пішемін, — деді.

Апасы қайшымен екі шәркей пішіп алды. Шәркейлердің желкесі қыжырайып, басы ақ марканың кішкене күніндегі тұмсығы сықылдана қалды. Шәутен жымың етті.

Шәутен апасына:

— Шәркейім енді бітті ме? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, жүп шүйкелеймін, — деді.
Апасы шуда шүйкеледі.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді бітті ме? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, жіп иіремін, — деді, апасы жіп иірді.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, сыримын, — деді.

Апасы жіпті инеге сабақтап алып, көп-көп сырыды.

Шәутен апасына:

— Шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:

— Жок, балам, ұлтарам, — деді. Апасы ұлтарды.

Шәутен апасына:

— Апа, шәркейім енді болды ма? — деді.

Апасы:


— Ия, балам... болды. Қел, аяғыңа ки, — деді.

Шәутен киіп алды. Аяғына шап-шақ қана, әдемі ақ шұбар шәркей болыпты. Шәутен қуанды. Апасын құшақтап, бетінен сүйді. Шәутен маркасына келіп:


— Міне, бәлем, менің шәркейім, — деді.

Маркасы:

— ім-м-м-м-м... — деді.



Шүйкелеймін



Жіп иіремін.




Сыримын.



Кел, аяғыңа ки!

ДОСТЫҚ ТУРАЛЫ ӘҢГІМЕ



ОЧЕРК

— Меделхан, тақтаға шық, кешегі үйге берілген тапсырманы айт, — деді Нәлден Сәдуава артқы партада «мені көріп қоя ма» дегендей бойын тасалап тұқшыып төмен қарап отырған балаға. Оқытушының өзін атағанына іштей ренжіп, домалақ бет, тапал бойлы, қара бала орнынан баяу көтерілді де, тақтаның алдына келді. Оқытушы да, оқушылар да Меделханға үнсіз қарап қалған.

— Бастауыш, бастауыш дегеніміз, — деді Меделхан ақырын күбір етіп.

— Дұрыс, бастауыш дегеніміз сөйлемнің қандай мүшесі, айта ғой, — деді де, оқытушы стол үстінде жатқан класс журналына шұқшия қалды. Меделханда үн жоқ. Көзін артқы партада өзімен бірге отыратын Әлжанов Болатқа қарап жыпылықтатып қояды. Досының қысылып тұрғанын анау да тез аңғарып «көмек» беруге кірісті. Қолымен аузын қалқалап «Бастауыш — сөйлемнің тұрлаулы мүшесі» — деп күбір ете қалды. Аңдығаны сол болып тұрған Меделхан Болаттың аузынан шыққан сөзді қағып алып, дереу қайталады. Мұғалім де алдындағы журналдан басын жұлып алып:

— Дұрыс, бастауыш қандай сұрақтарға жауап береді? — деп жанама сұрақ арқылы оқушыны жетектемек болды. Меделхан Болатқа тағы қарады. Бірақ, оқытушыдан бұл жолы қаймықты ма, ол ундеген жоқ. Сымсыз телефон арқылы келетін хабар болмаған соң, Меделхан өзінің үйге берілген тапсырмаға дайындалмағандығын мойындады. Журналға Батырханов деген фамилияның тұсына қазақ тілі грамматикасы пәнінен тағы да «2» деген баға қойылды. Меделхан түтігіп келіп орнына отырды.

Сабақ жалғаса берді. Бірнеше оқушылар тақтаға шығып сөйлем талдады. Жаңа сабақ өтті. Бірақ мұның бір де біреуінде Меделханның жұмысы болған жоқ. Өзімен-өзі болып үнсіз қалды. Көзі жасаурап, аузы томпайып, бейне біреумен жұдырықтасып төбелесе кететіндей тұнжырайды.

Үйге жаңа тапсырма берілді, қоңырау соғылды. Үйге берілген тапсырманы күнделік дәптеріне өзі көшіріп алған Болат:

— Меделхан, үйге берілген тапсырманы күнделігіңе жазып алсаңшы, — деді кластан шығып бара жатқан оқытушы естімесін дегендей күбірлей сөйлеп. Болаттың өзіне тіл қатуы мұң екен, кезегін күтіп отырған Меделхан қабағын түйіп:

— Сен менің досым емессің, енді менімен екінші рет сөйлесуші болма! — деді.

— Қалайша? Ол не дегенің, Меделхан?

— Дос болсаң, жаңа көмектеспес пе едің! — деп Меделхан Болатқа дүрсе қоя берді. Сөзден тұтылып қалған Болат бейне бір кінәлі жандай:

— Апайдан қорықтым... Әйтпесе... — деп өзін-өзі ақтай бастады. Бұл екеуінің арасында болған кикілжіңді 4-класс оқушыларының бәрі естіді. Әсіресе, Меделханның «Досым емессің» деген сөзі әркімді ойландырды.

Күндер өте берді. Меделхан мен Болат сол күні сабақтан шығысымен-ақ қайта достасты. Мектепке бірге келіп, бірге қайтты. Тіпті кешкі киноға барып бірінің кепкасын бірі лақтырып ойнауларын да өздерінше «Үлкен достық» деп ойлады.

Бір күні мынадай оқиға болды:

Шәуілдір селосының ортасын екіге бөліп өтетін үлкен жолдың бойымен жүк машина-

сы келе жатты. Үйдің қалқасында доп ойнап жүрген Болат пен Меделхан допты тастай бере машинаның артынан тұра жүгірісті. Ылдидан өрге қарай баяу жылжыған машинаның үстіне екеуі де шығып алды. Машинаның үстіне шығып көңілдері жайласқан олар қарқылдап күлісті. Кузовтағы балалардың даусын естіген шофер машинасын тоқтатты. Бірақ, екі дос кузовтан жерге бір-ақ секіріп, шофердің қолына түспей қашып құтылды. Осы оқиғаны анадайдан көріп тұрған отряд советінің председателі Әлиева Әсем Болат пен Меделханның қасына келді.

Бұлар Әсемнің өздерінің қасына келгенін жақтырмай:

— Немене, сенің қандай жұмысың бар! — деді ентіккен демдерін баса алмай.

— Машинаға неге жабысасыңдар, ертең вожатыйға айтамын, — деді Әсем де батылдана.

— Айтсаң, айта бер, онда сен біздің досымыз емессің, дұшпанымызсың, — деді Меделхан Әсемге.

— Жарайды, сендермен отряд жиынында сөйлесерміз, — деді де, Әсем бұрылып кетіп қалды. «Шынында, мен оларға дұшпанмын ба» — деген ой Әсемді күні бойы мазалады. Ертесінде өзі шеше алмаған ойын, кешегі болған бар жайды пионер вожатыйы Есеналиев Ералыға келіп айтты. Вожатый Әсемнің айтқандарын бас изеп тыңдады да, бір шешімге келгендей болды.

* * *

Бірінші отрядтың жиыны өтіп жатыр. Класс толы бүлдіршіндер вожатыйдың «Достық дегеніміз не?» деген баяндамасын үнсіз тыңдап отыр.

— Біздің аталарымыз Маркс пен Энгельстің достығы үлкен мақсатта шындалды. Ұлы көсеміміз В. И. Ленин мен Н. К. Крупскаяның достығы бүкіл совет адамдарына, оның ішінде совет семьялары үшін үлгі болмақ, — деді вожатый әр сөзін салмақтай сөйлеп. Ұлы адамдардың арасындағы үлкен достықты қызықты мысалдармен әңгімелей келіп, вожатый жиынға қатысып отырған пионерлердің ішінде де достық деген ардақты атты терең түсініп, мінезімен де, оқуымен де басқаларға үлгі болып жүрген оқу озаты Түкібаева Зүбәйраның оқу жылының басында сабақты нашар үлгерген өзінің парталас досы Әжмұратова Алмашты қазір екпінділер қатарына қосып отырғанына тоқталды. Жолдасқа аянбай көмек көр-

сету де шынайы достықтың белгісі екенін бірнеше мысалдар арқылы дәлелдеп түсіндірді. Ал, Меделханның достық туралы ұғымын талқылауды вожатый пионерлердің өздеріне қалдырды. Әсем Әлиева бірінші болып сөз алды. Орнынан жеңіл көтеріліп, жұрттың алдына шыққан Әсем алғаш өзіне қадалған көп көздерден жасқанды ма, біраз үнсіз, ойланып тұрып қалды. Сонан соң барып:

— Бізде көп жолдастар достық деген сөздің мәнісін жете түсінбей жүр. Оған мысалға Меделхан мен Болаттың достығын алайық. Бұл екеуі сырт көзге жап-жақсы достар сияқты боп жүреді. Бірақ, шынында олардың достығы жалған достық, — деп, тамағын кенеп бір жөтеліп алды да, әрі қарай саңқылдай сөйлеп кетті.

— Олардың біреуі тәртіпсіздік жасаса, екіншісі жасырады. Меделхан сабақты нашар оқиды. Болат сабақты жақсы үлгереді. Бірақ, Меделханға өз білгенін үйрету керек екенін Болат ескермейді. Тек класқа келгенде ғана Меделханға қамқоршы бола қалады. Меделхан үйге берілген тапсырманы Болаттан көшіріп алумен қанағаттанады. Бұл — достық емес. Болат өзі шығарған есепті Меделханға көшірту арқылы достық істедім деп ойлайды. Шынында, бұл — барып тұрған қастық. Өйткені, түсінбей көшірген есепті Меделханның өзі ешуақытта да шығара алмайды. Барлық сабақта да Меделхан Болат-



қа арқа сүйейді, тақтаға шықса, құлағын Болаттың кубіріне тосады...

Әсем орнына отырысымен, сөйлейміз деушілер көбейді. Бірнеше қол бірден көтерілді.

Оқу озаты Зүбәйра Түкібаеваға сөз берілді.

— Жолдасқа көмектесу — ол да достық. Біз, Алмаш екеуміз сабаққа үйде бірігіп дайындаламыз. Оқу жылының алғашқы айларында Алмаш көп сабақтарды нашар үлгерді. Оған менің жаным ашыды. Үйге берілген тапсырманы бірігіп орындасақ қайтеді деп ұсыныс жасадым. Алмаш қарсы болмады. Соның арқасында ол қазір екпінділер қатарына қосылды.

Зүбәйрадан кейін де бірнеше бала сөйлеп, достық жайлы өз пікірлерін айтты. Тек Болат пен Меделхан басқаларды үнсіз тыңдап, сөзге араласқысы келмегендей жүздерін төмен салумен отыр.

Жиын басталғаннан бері вожатый ол екеуінен көзін айырған жоқ. Өзі тәрбиелеп жүрген пионерлердің қазіргі сәттегі жан-күйінің құбылысын үнсіз аңдиды. Ана екеуі кінәсіз жандай тек бұға береді. Меделханның да, Болаттың да достарының айтқан сынынан қатты қысылып отырғанына вожатыйдың көзі жетті. Әйтседе, екеуінің біреуін сөйлету керек. Вожатый сөзді Әлжанов Болатқа берді. Болат орнынан үнсіз тұрды да, оқушылардың алдына шықты. Желкесін зілдей күш басып тұрғандай тұқырая төмен қарап біраз тұрды.

— Сөйле, жолдастарыңа достық туралы өз пікіріңді айт,— деді вожатый жүзін сәл жадыратып. Вожатыйдың үніндегі жұмсақтық жігерлендірді ме Болат бейне бір өлең оқып тұрғандай:

— Мен қателесіппін. Достық деген сөздің мәнін түсінбеппін,— деді шапшаңдата сөйлеп. Соңғы сөзді айтқанда даусы дірілдеп барып жылап жіберді...

Жиынға қатысушылардың бәрінің бойында да бір ерекше сергектік бар. Балғын жүздерде қуаныш лебі еседі.

Президиум столында отырған 4-класстың оқытушысы Нәлден Сәдуова да, әдебиет пәнінің оқытушысы Көмекбай Мұсаев та сағаттарына қарауды жиілетіп жіберді. Мұны байқаған вожатый сағатына қарап еді, жиын басталғалы 2 сағат уақыт өтіпті.

Жиын алдына қойған мақсатын орындады деген сенім вожатыйдың жанын ерекше бір қуанышқа бөледі. Өзі қортынды сөз сөйледі. Оқушы ойларын ортаға салған жиын тарқады.

Балалар топ-топ болып үйлеріне қайтып бара жатыр. Бірінші топтың артқы жағында бастарын төмен салбыратып Болат пен Меделхан да кетіп барады. Өзімен күнде сырласып жүрген жас достарының ізін бағып үнсіз тұрған вожатый «Достық туралы жиынды басқа отрядтарда да өткізсем» деген ойда болды.

Т. Молдағалиев.

Оңтүстік Қазақстан облысы,
Шәуілдір ауданы,
Жамбыл атындағы орта мектеп.



ТЕРЕЗЕДЕГІ ӨРНЕК

Жел үдеді, көтерілді ақ дауыл,
Қарлы боран ұйтқыды да, ысқырды.
Сықырлатып қақпаларын әр үйдің,
Аулаларға қызылшұнақ қыс кірді.
Кезін сүзіп, сығалады есіктен,
Арпалысып терезеге жармасты.
Балалар да әнін оның есіткен,
Тысқа шықты. Оған боран қар шашты.
Аязы да келді артынан кытымыр,
Қаламын да ұмытпапты жазатын.
Терезеге өрнек салып неше тұр,
«Аязбын» деп жазып кетті өз атын.

Н. ЖАНАЕВ.

КӨСЕМ ЕСІМІ

Ленин, Ленин! Бұл есім сәби кездің,
Оты болып жылытты бірден сездім.
Есейдім де ардақтап әнге қосып,
Гүлдер тердім достармен, қырды кездім.
Бастым нұрлы заманның баспалдағын,
Өмір тосты алдымнан асқар бағын.
Өзім оқып болмаған көп томдары,
Білемін алынбаған аспандағым.
Жыл емес, сан ғасырлар тізбектелер,
Мендей жас дүниеге жүздеп келер.
Бақытты кім бергенін балғын сәби,
Ананың әнінен-ақ тыңдап білер.

М. ЖЫЛҚАЙДАРОВ.

Алматы облысы, Нарынқол ауданы.



КЕМЕДЕ

ӘНГІМЕ

Август айы. Біз мінген «Аманкелді» кемесі Арал портынан сағат ертеңгі 9-да шығып еді, қазір ашық теңізде жүзіп келе жатты.

Біз әкелерімізден ұрланып, кемеңі аралап шықтық. Тағы да жүргіміз келеді, аралағымыз келеді, бірақ, әкелер көзінен ұрықсатсыз таса бола беруге батылымыз бармайды. Іштей есебіміз де бар. Олар ұйқыға кіріскенде, бізге де бостандық тиетіні анық.

— Кәне, балалар, бері келіңдер,— деді бір кезде жолдасымның әкесі. Қасында тұрған менің әкем де қостады оны.

— Біздің әзір ұйқымыз келетін емес, мына каютаға кіріп азырақ дойбы ойнап келіп жатуға болмас па екен? — деді Володя. Осыны айтқанда мүләйімсі қалғаны сонша, мен досымның қазіргі түрін тым аяп кеттім, менен өтініп тұрғандай-ақ.

— Әрине, болады, — деппін.

Әкелер әуелі күлісіп алды да, біздерге ұрықсат етті. Бірақ бортқа бармауымызды, ретсіз жүрмеуімізді тағы бір ескертіп, өзара жай әңгімеге кірісті. Біз каютаға келуін келсек те, ойымыз сыртта тұрды. Шіркін, капитан мостигіне шығып алып, айнала көз салып, қызықтап отырудың өзі бізге бір алыстағы армандай болып келе жатыр. Каютаға, әкелер жақын жатқандықтан, білдірмей шығып кетудің жөні тағы жоқ. Сонымен, іш құса болып келеміз.

— Володя, биыл да алдыңғы партаға отыратын болайық, — дедім қарап отырғым келмей. Күні бұрын келісіп қойсақ та, аузыма түскені тағы осы болды.

— Әрине, — деді Володя селқостау. Уақыт оздыру үшін амалсыз дойбы ойнауға кірістік. Әлден уақыттан соң сыртқа шыға келгенімізде, әкелер де, өзге жолаушылар да ұйықтаған екен. Ендігі өй-шайға қарайтын біз бе, кеме соңына қарай зытып тұрдық. Біз үшін қызық енді басталды. Мана біз мінген кеме буксир алғанын байқамаппыз. Қа-

зір де кеме соңынан 150 — 200 метрдей қашықтықта зулап келе жатқан үлкен су бадиеңкісі су бетін жосылтып келеді екен. Кеме бадиеңкіге қарағанда су бетін сызып келе жатқан сияқты. Жүрісі де өнімсіз көрінеді.

— Әлім, сеніңше буксирді қашық алу себебі не, 15—20 метрден алса да болмай ма? — деді Володя.

— Менімше, су бетінің тұнық жатқандығынан болар, әйтседе, штормда бүйтіп қашық алмас еді ғой, — деп едім, Володя ойланып жатпастан, осы жорамалға қосыла кетті.

— Шынында солай шығар.

— Жоқ, балалар, тіпті олай емес, — деген бөгде жуан дауыс кенет естілгенде, біз орнымыздан атып-атып тұрдық. Бұл қасымызға келіп тұрған Бисен ағай екен. Осы кемесінің аға машинисті. Машина бөлімінен шыққан беті екен, жалаңаш денесінен ыстық майдың аптабы соғады. Қазір алдымызда тұрған кең кеуделі, мығым денелі, бұлшық еттері ойнаған осы кісіге қызыға қарап тұрмыз.

— Сендер ғой буксир туралы сөз еттіңдер, бірақ, оған дұрыс жауап бере алмадыңдар.

Мынау кеме соңындағы қатты су ағысын көріп тұрсыңдар ма?

— Көргенде қандай, ағай, көріп тұрмыз.

— Міне, осы қатты су ағысын шығарып келе жатқан — мотордың сырттағы винті. Осы ағыс тымық күні жүз метр қашықтыққа дейін күшті ағыс қалдырады.

— Я, я, қалдырады, — дедік соған көзіміз жетіп тұрғандай.

— Тыңдаңдар, егерде буксир осы қашықтықтан жақын болса, судың қатты кедергісіне ұшырайды да, кемеңіз жүрісін бәсеңдетеді. Ал дауылды күні винт ағысы айнымалы келеді. Сондықтан буксирді жақын алады, түсіндіңдер ме?

— Түсіндік, ағай, түсіндік, — дедік, ризалық алғысымызды жүзімізден байқады ма, қалай, күлімсіреген қалпы ол теріс айналды. Ол енді қарап тұрған жоқ. Борт қазығына оралған арқанды жазып, иығына іле баста-

ды. Арқан ұшын қайта күрмеп байлады да, тартып көрді, сөйтті де, қырындай секіріп барып, теңізге сүңгіп кетті. Осы қимылдардың бәрін тез жасағаны сонша, біз әдепкіде не болғанына түсіне алмай қалдық. Аузымызды ашқан күйі борттан үңіле қарап едік, ешнәрсе көре алмадық. Арқан бағытын қуып екінші бортқа келдік, міне қызық. Манадан іздеп жүрген Бисен ағайымыз су бетінде қанатсыз ұшып келе жатқандай көрінді. Кейде су астынан әртүрлі әдемі қимылдар жасап барып, су бетіне шыға келеді де:

— Ой, рақат дүниесі деген осы да, — деп сақ-сақ күледі. Бисен ағайдың су астындағы жасаған қимылы, біз үшін, цирктегі қиын акробатикалық номерлерден бір де кем болған жоқ. Бір жағынан тым қорқынышты болса, екінші жағынан сүйсінерлік іс еді. Егерде арқан үзіліп кеткендей болса, Бисен ағайды винт біраз жерге теуіп тастар еді, немесе бадиенкіге соғар еді, ондайда ешкім көрмесе, ашық теңізде қалып қоюы мүмкін ғой. Осыны ойлағанда төбе шашым тік тұрғандай болды. Бисен ағай кемеге тез көтерілді. Иығындағы тұзақ жіпті сілкіп тастады да, машина бөліміне еніп кетті. Бізге мойын бұрып қараған да жоқ.

Манадан көмейіміз бітеліп қалғандай үнсіз тұрған біздер, тілге енді келе бастадық. Мен ойланып тұрғаным жоқ, Бисен ағай тастап кеткен тұзақты, иығыма қалай іліп алғанымды білмей де қалдым. Кеме соңындағы тасада біздің оғаш қимылымызды көретін әзір ешкім жоқ. Машинистер өз орнында, рулевой басқару рубкесінде, біздің қатты қорқатынымыз капитан көмекшісі Николай Васильевич еді, ол да әзірге көрінер емес.

— Әлім, сен не істегелі тұрсың? — деді Володя маған таңдана қарап.

— Көріп тұрған жоқсың ба, не істегелі тұрғанымды, — дедім, мақтанышты түрмен.

— Енді қарғымайсың ба?

— Оны сенен сұрап тұрғаным жоқ, не деген қорқақ едің, — дедім енді оған тіктеп қарап.

— Қорықпасаң қарғи бер өзің, — деді де, ол жайланып отырып алды. Қарғуға әзір тұрған мен төмен қарадым. Енді бұрқ-сарқ қайнап жатқан винт ағысы, қара-көк теңіз түрі маған үрей туғызғаны сонша, мен еріксіз кейін шегініп көзімді жұмдым. Құлағыма Володяның сылқ-сылқ күлгені естіледі. Володяның мазақ күлкісін есітпейін деп, мен де көк иірімге басыммен тік сүңгіп кеттім.

Әуелі түскен бойда су түбі анық көрінгендей болды. Кенет жұлқа тортқан арқаннан, су бетіне ытып шыға келдім. Мойын сүйегім бытырлап, денем басымнан үзіліп қалғандай болды. Мені су бетімен сүйреп келе жатқан кеме емес, самолет секілденеді. Көудеден соққан күшті ағыс денемді сірестіріп тастады, башайыма дейін қозғалмайды. Осы уақытта кенет Володяға көзім түсті. Ол барынша мықшиып мен тұзақталған арқанды өзіне тартып жатыр екен.


— Әлім, тек арқаннан айырыла көрме, әйтпесе құрыдық, мойның қиылады, — дейді ысылдаған үнмен. Мен ет қызуымен білмеппін. Оң иығым тұзақтан шығып кетіпті, тұзақ мойным мен сол иығымда ғана қалыпты. Бір қолмен ілгері жылжуға мүмкіндігім жоқ. Кенет, арқаннан қол жазып қалдым да, шалқамнан түстім, көзім қарауытып кетті, қырылдай бастадым.

— Әлім, аш көзіңді тез бол! — деген дауыс құлағымның түбінен шықты. Володя екен. Мені құшақтаған қалпы, арқаннан ұстап тұр.

— Тез, мойныңды босат, — дейді маған.

Менің халімнің мүшкілін көрген Владимир, өз басына келетін хауіпті ескермей, сол бойда теңізге қарғып түсіпті, сөйтіп мені ажал тұзағынан құтқарып алды.

Ізім Елеусізов.





М. Зверев.

БАРЫСТЫҢ КҮШІГІ

Тау арасындағы Жабағылы қорымын жолаушы аралап келеді. Таулы, тасты жерге үйреншікті ат еркін адымдай басады. Жалғызаяқ жол бірте-бірте шыңға беттейді. Бұл адам — ертемен қорымды аралауға шыққан шолғыншы.

Жүріп келе жатқан жолаушының аты кенет оскырып, құлағын тіге тұра қалды.

— Аю болар! — деп тіксіне қалды жолаушы. Бірақ, жолаушы қателескен екен...

Оның қарсы алдынан сылаң етіп қаша жөнелген тарғыл барыс-ты. Барыстың соңынан томпалаңдаған кішкентай күшіктерінің

де қарасы көрініп қалды. Осының бәрі әпсәтте көз алдынан ғайып болған жолаушы, үріккен аттың тізгінін әрең тежеп қалды. Тыпыршыған ат аспанға шапшып барып, кілт тұра қалды.

Барыс қаша жөнелген құрақтың ішінде арқардың жемтігі жатыр. Жемтіктің аржағында сұрғылт бірдене көзге түседі. Бірақ ол — тас емес. Жолаушы үзентіге шірене ердің қасына көтеріліп, көзін алақанымен көлеңкелей, сұрқай затқа шүйіле қарады. Ол аттан жалма-жан түсе қалып, жемтікке ұмтылғанда, оның аржағында бұрып жатқан барыстың күшігі қаша жөнелді. Бауырын әлі жөнді көтермеген күшіктің құйрығынан басып қалып тоқтатқанда, кішкентай жыртқыш айбат шегіп, оның өзіне тап берді. Жолаушы оның әлсіз айбатын тындамастан көкжелкеден бүріп көтерді. Сөйтті де, оны үстіндегі сулығына орап алды.

Осыдан бір апта өткеннен кейін Алматыдағы хайуанаттар паркіне бір жәшік келіп түсті. Сол жәшіктің қараңғы бұрышында көкпеңбек екі ұшқын жайнайды. Балалар мұны әуестеніп қоршап алған. Бұлар — жас натуралистер еді. Оларға келген сыйлық — барыстың күшігі. Қолға үйрету осыларға тапсырылған. Міне, олардың енді әрқайсысы бұл аңды жеке-жеке көрмек болады. Жасөспірімдер бірінен-бірі қызғаныш етіп дабырласып жатыр.

— Өй, тоқта, сен көрдің ғой!

— Былай тұршы, мен де көрейін!

— Қыздар, шуылдамаңдар! — дейді сапырылысқан жас дауыстар.

Жәшіктің шегелерін суырудың өзі балаларға едәуір жұмыс болды. Міне, сықырлатып олар ең соңғы шегені де суырып тастады. Жәшіктің беті ашық тұр. Күшік ырылдап, ұзын мұртын қайшылай бұрышқа тығылады. Балалар жәшікті қырындата барып төңкеріп кеп жіберді. Жерге аунап түскен барыстың күшігі өзін қоршап алған балалардың аяғының арасына барып бұрып жата қалды. Бүлдіршіндер мәз-мәйрәм.

— Ой, қандай қызық!

— Мыш-мыш-мыш!

— Ұстап көрсек қайтеді?

— Мұның атын қалай деп қоямыз? — деген сөздер жауып кетті. Барыстың кішкентай күшігінің зәресі ұшқаны сонша, ол енді тиген қолдарды елең қылған жоқ. Балалар жүні жұп-жұмсақ тарғыл күшікті қуана қолдан-қолға жүгіртті. Біреулері күшік десе, біреулері мысық деп жатыр. Сол айтылғандардың

ішінде барыстың күшігі деген сөз көбірек қайталанды.

Барыстың күшігін олар парктің төр жағындағы, үлкен барыстар тұратын тордың біреуіне жеке әкеп орналастырды. Расында, күшік ол торда тек түнде ғана жататын болды. Ол күні бойы балалармен бірге жүреді. Көп ұзамай-ақ ол адамға үйрене бастады. Келе-келе күшік балалардың сонынан қалмайтын болды. Олар қай жерге тоқтаса, сол маңайдағы қуысқа, не болмаса, бұрышқа онашаланып тұра қалуды сүйеді. Ол еш уақытта балаларға ызаланбайды, момын-ақ. Сүтті ол адамның қолынан ішкенді жақсы көреді. Сүт құйылған ыдыс балалардың тізесіне қойылса ғана жалап ішеді. Міне, сонан кейін ол нағыз дәу мысық сияқтанып, мұртын сылап-сипап ұзақ жуынған болады. Қарны тойған соң-ақ, ол мейлі тордың ішінде болсын, мейлі босағада болсын, тырайып ұйықтай қалады. Бұл кезде жас натуралистер сыбырлап сөйлеп, аяғын ұшынап басады. Егер біреудің даусы қатты шығып кетсе:

— Ақырын, күшік оянып кетеді! — деп екінші біреудің тыйып тастағанын естисің.

Бірақ, барыстың күшігі сілесі қатып ұйықтайды. Оның үстінен аттасаң да, не жатқан жерінен ептеп жылжытып басқа жерге апарсаң да ұйқысын ашпайтын; тек көзін сығырайтып сәл тітіркенетін де, қайтадан пыр ете түсетін. Ұйықтап жатқанда балалар оның ұзын құйрығын шеңберлеп байлап та қояды.

Бір жолы бұл күшік өзінің тәрбиелеушілерін күлкіге батырды. Олар ыстық күні парктің ішінде қыдырып жүріп киоскадан мороженое алып жеді. Күшік тамақтың иісін біліп, олардың әрқайсысына жалтақ-жалтақ қарай берді. Балалар оны сезіп азғантай морожниды алманың жапырағына қоя қойды. Күшік обырлана морожниды жапырақпен қоса қылғып салды. Мұны көріп жас натуралистердің әрқайсысы аз-аздан өздерінің морожниларын ұсынды. Сонан соң бұлардың барлығы ортасынан бір мороженое сатып алып берді. Күшік мұны да жалма-жан қылғып салып, қарнын ыстық құмға төсей, керіліп жата қалды. Ол осы кезде нағыз кровать алдына төселген кілемге ұқсап кетті.

— Мынаның қуын қараңдар, ыстық құмға қарнын төсеп жылтып жатыр, — деп балалар оның қулығын сезе қойды. Жеткіншектердің бәрі ду күлісті.

Барыстың күшігіне, түнде көңілсіз болмасын деп, балалар оның қасына өзімен шама-

лас иттің күшігін қойды. Ол неміс овчаркасының күшігі болатын. Бұл екеуі бірден-ақ үйірлесіп кетті. Екеуі де айқара құшақтасып бірін-бірі жылыта ұйықтайды.

Барыстың күшігі тамақты асықпай ішеді. Ол итаяқтың жанына әуелі отырады, сонан кейін алдыңғы аяғын бауырына қысып кеудесін ыдысқа арта, сылпылдатып асты жалай бастайды. Ал, овчарканың күшігі болса мейлінше қомағай — ол итаяқты көрсе-ақ бас салады. Түк татпаған аш қасқырдай, асыға-үсіге тамақты жайпайды. Ол өзінің ыдысын босата салып, барыстың күшігінің ыдысына бас салады. Оны керек қылмастан, алдындағы тамағын асай бастайды. Барыстың күшігі қарсыласпай тайқып шығады да, тек алыстан өзінің тамағын апыл-құпыл асап жатқан овчарканың күшігіне қиыла қарайды. Тіпті барыстың күшігі кейде бір түйір бірдеңе тауып қалса да, овчарканың күшігі оны аузынан қағып алады.

Осы себепті бұларды бөлек-бөлек тамақтандыруға тура келеді.

Жаз тез өтті. Барыстың күшігі күн санап емес, сағат санап үлкейе берді. Енді балалардың қолдан-қолға жүгіртуіне ол ауыр соқты. Бірақ ол бұрынғы қалпынша әлі де жуас.

Бір демалыс күні, әдеттегіше, хайуанаттар паркі қыдырып келушілерге толы еді. Жас натуралистер де, күндегі әдеті бойынша, тордың есігін ашып барыстың күшігін қыдыртуға алып шықты. Осы кезде бір ит жер бауырлай ұшқан торғайды көріп қалып оған тұра ұмтылды. Торғайға окша атылған итті ешкім елен қылмап еді. Бірақ, оның сонынан қосыла секірген барыстың күшігін көріп қалғанда, жұрт шу ете қалды. Бұлар жапырыла кеп шарбақтың екінші жағына ойысты. Біреулер айқайлап ағаштың бұтағына тырмысады, біреулер жыртқыш босанып кетті деп, парктегілерге тіл тигізеді. Барыстың күшігі болса торғайды ұстай алмағанына мұңайып, балалардың жанына келіп отыра кетті. Зәресі ұшқан жұрттың да мұны көріп жүрегі тыныштала қалды.

Жасөспірімдер театрында оқушылардың жазды қалай өткізгені туралы жиналысы болып жатыр. Жиналыста бірінші болып жас мичуриншілер өздерінің табыстарын баяндады. Хайуанаттар паркінің жас натуралистеріне кезек үзілістен кейін ғана тиді. Олар өздерінің тағы хайуанаттарды бақылауы және оларды қолға үйрету жөніндегі тәжірибелерін ортаға салды.

Бір кезде зал жым-жырт тыныштала қалды. Қолына дүрдіп өскен тарғыл, ірі барысты саяндала әрең көтерген жас натуралист сахнаға шықты. Мұнан оның жыртқыш аңды қолға жұп-жуас етіп үйреткені бірден білінді. Отырғандар қолындағы жыртқышымен шаңқан жарыққа күлімсірей караған жас батырға ду қол шапалақтап қошемет көрсетті. Мұнан аңның адамға да сенетіндігі айқын көрінді.

Бұл жиғалыста Чехословакияның пионерлері де қатысып отырған еді. Олар сахнаның сыртына іле жүгіріп келіп, қолға үйреншікті барысты қызыға тамашалады. Өстіп тұрғанда, пионерлердің біріне: «Бұл барысты достарымыз чехтарға сыйласақ қайтеді» — деген ой келіпті. Бұл ой қызу күңталды.

Осыдан бірнеше күн өткеннен кейін жас натуралистердің барыспен қоштасар аянышты кезені келді. Олар барысты чех достармен

бірге самолетке мінгізді. Ұшар алдында жас натуралистер барысты кезек-кезек бауырына қысты, әрқайсысы аузына мороженое салды, сен бізге хат жазып тұр деп қоштасты. Тіпті біреулері оны сүйіп, тіпті кішкентайлары жылап та жатқан сияқты.

Кішкентайлардың жылағанын көрген чех пионерлері ынғайсызданып, барысты қалдырып кетейік десті. Бірақ, совет балалары өздерінің ең жақсы күшігін чех достарынан қайтып алмады.

Бір кезде гүр еткен самолет моторы алыс сапардың хабарын берді. Самолет зымырай жөнеліп барып аспанға қалықтай көтерілді. Аспанда қалықтаған самолетпен бірге совет балалары жүрегінің ыстық сезімі де дос ел — Чехословакияға қалықтай тартты.

Жас натуралистер самолет көз ұшынан ғайып болғанша тесіле караған қалпы тұрып қалды.



ӘҢГІМЕ

Асылбек пен Қазыбай ұзын тал құрықтары алды да, ертемен тұрып, ауылдан бір шақырымдай жердегі Көк бұлақ суына қарай жүріп кетті. Көк бұлақ суының түбі ақ қайраң, қанша кешсең де лайланбайды. Әрі жан-жағын қоршаған қалың тал мен биік болып өскен құрақ.

Екеуі каникулдың қалай өтіп жатқандығы туралы қызу әңгімеге кірісіп, Көк бұлаққа қалай келіп жеткендерін білмей де қалды. Бір кезде олар қамыстың ар жағынан қыркылдаған үйрек пен шикылдаған балапандардың даусын естіп, кілт тоқтай қалды. Ашық суда еркін жүзіп, балапандарын баулып жүрген үйректі қорқытпайық деп, жиектегі бір шоқ қалың талдың түбіне жатты да, балапандарды бақылай бастады.

Балаларды сезбеген үйрек еркін есіп, біресе ілгері кетіп, балапандарын шақырады, біресе басын суға кеудесіне дейін батырып жіберіп бірдеңе іздегендей болады да, жалпақ тұмсығын толтыра тістеп балдыр алып шығады. Оны балапандары лезде-ақ қағып салып риза болғандай шикылдай бастайды.

Саяқ құлақ ана үйрек мезгіл-мезгіл мойнын созып тың тындайды. Ешқандай хауіп-қатердің жоқтығына көзі жеткендей, балапандарын қыркылдап жұбатып қояды.

Бір мезгілде, қамыстың түбі кенет толқынданды да, кішкентай балапан бір шикылдап жоқ болып кетті. Енді қайтып су бетіне шықпады. Үнсіз жаудың қай жақтан келіп қалғанын білмей қалған ана үйрек қанатымен су сабалап, қаркылдап, мазасыздана бастады. Қалған балапандары да кез келген жерге жасырынып үлгерді.

Үйректің қайғысына ортақ болғандай балалар да оның балапанын іздеуге көмекке ұмтылды.

Су тап онша терең емес еді, қандай терең жерлерінің түбі жарқырап көрініп жататын. Суға түсер-түспестен-ақ Асылбек Қазыбайлы шынтағымен түртіп қалды да, аузына тістеген балапаны бар үлкен шортанды көрсетті. Ол қимылдамастан шөгіп жата берді. Шортанның аузына бір аяғынан ғана іліккен балапан анда-санда шолақ канаттарын сәл қозғап, бұлқыған болады. Енді бірер минут

кідірсек, әлсіреген сары балапан өмірімен қоштасқалы тұр.

Аузына түскен жемтікке риза болғандай, шортан қасына барып қалған шанышқыға ешқандай мән бермеді. Кеспелтек жуан құрыққа байланған шанышқы дір етіп желбезектен қадалғанда барып, бір бұлқынды да, енді құтыла алмасын білгендей, тып-тыныш бола қалды. Бұл кезде арпалысқан сары балапан еріксіз ашылып кеткен шортанның аузынан босанып, су бетіне қалқып шыға келді. Әлсіреген балапан бір аяғымен суды ескілеп, шырқобелек айнала берді. Бағыт алып жүзіп кете алмады. Асылбек тезірек барды да, оны тақияға салып алды.

Тақияда жатып шуақтаған балапан бір-аздан кейін барып есін жинады. Шортанның суда жүзген екпініне шыдамаған нәзік аяғы сынған екен. Олар балапанды үйлеріне алып қайтты да, тал шыбықтай нәзік аяғының екі жағынан шырпы қорабынан жасалған екі қалақшаны қойды да, марлымен танып тастады.

Бір жеті өтпей-ақ науқас қонақтың аяғы жазылды. Бірақ аяғы бір жағына қисықтау болып бітті. Ол қисық аяғымен балпаңдай жүгіргенде, басқа үйдің үйректеріне жеткізбей кететін. Балалар оның атын Балпақ қойды. Аяғы жазыла келе екеуі оны суға ертіп

бара бастады. Көп ұзамай-ақ ол өзі де суға баратын жолды біліп алып, таң атса басқа үйректермен бірге, бір аяғын сілтей басып, суға қарай тайып отырады.

Қанаты өсіп жетілген Балпақ бір күні суға кеткеннен қайтып оралмады. Екеуі қанша іздесе де таба алмай-ақ қойды. Олар Балпақты көпке дейін жоқтап жүрді де, кейін келе ұмытуға да айналды...

Күздің шуақтау бір күні еді. Асылбек оқудан келгенде әжесі үйректерді жемдеп жатыр екен.

— Балам, анау бір үйрек көршінікі болар, бар, қуып жіберші, — деп, оңашалау жем жеп жатқан үйректі көрсетті.

Үйректерінің жеміне үйреніп алып, тыным бермейтін көршілерінің үйрегіне ызаланған Асылбек сумкасын әжесіне бере салып, ұзын солқылдақ шыбықты алды да, жат үйректің қасына жетіп барды. Шыбық көрген ол үйрек қанатын бір қақты да, жоғары көтерілді. Қисық аяғынан танып өз ісіне өкінген Асылбек шыбығын лақтырып тастап:


— Балпақ, Балпақ! — деп бірнеше рет айқайлап жіберді. Үлкен болып өсіп кеткен Балпақ «мені ұмыттың ба?!» — деп ренжігендей, бір-екі рет қырқылдады да, ұшып кете барды.

Ф. Мифтахов.

Ақтөбе облысы.

ДӘНІККЕН АЛА БҰЗАУ

Ала бұзау аула ішіне кірді де, сабалақ жүнді арқасын үйдің қабырғаларына үйкеді. Иіскелеп жүріп ұмыт қалған сабынды, кептіруге қойылған кірлерді шайнап былғады. Аула сыртын сүзеген бұқаша бір шолып



шықты да, бет жуғыш орнатылған үлкен қазыққа жақындады.

Түбі босап тұрған қазық бұзаудың сүйкеліп өткенінен шайқалды да, бет жуғыштағы толы су ернеуінен асып, жерге төгілді. Жерді пыскыра иіскеледі. Ол басын көтере шүмекке тұмсығын сүйкеп еді, бір тамшы су оның ернін жанап өтті. Бұзау тілімен бетін жалады.

Ол қатты шөлдесе керек, бет жуғыштың сулы шүмегін жалады. Шүмек еріннің күшімен ішке кіріп кетті де, су сау ете қалды. Бұзау аузын тосып, қарық болды. Ол анасының емшегін емгендей, су шықпай қалса, сүт келмей қалғандай, нұқып-нұқып қойса, су тағы да сау ете қалады. Дәніккен ала бұзау өзенге баруды мүлде ұмытты.

Өйткені, бет жуғышта су күн ілгері күйылі тұрушы еді.

Қ. Баққараев.



Б. Соқпақбаев.

КОЛХОЗДАН КЕЛГЕН ҚОНАК

ӘНГІМЕ

Есіл оянысымен көзін уқалай түрегеліп, бұрыштағы бала кереуетіне қараса, түнде жатқан бұйра бас сары қыздың қарасы да жоқ. Көрпе-жастық кешегі күндізгі салтанатында тап-тұйнақтай жиюлы тұр. Ол шифоньер айнасының алдында шашын өріп тұрған анасынан:

— Мама, Зина қайда? — деп сұрады.

— Зина өзінің балалар бақшасына кетті.

— Қашан кетті?

— Әлгінде, сен ұйықтап жатқанда тұрып кетті.

Бұл хабар Есілге тым жайсыз әсер етті. Ол әлі де ұйқы табы айықпай, құрыстаныңқырап тұрған қабағын шыта түсіп, жабырқау кейіпте отырып қалды. Осы кезде мамасы:

— Ұйқың қанды ма? Ұйқың қанса, түрегел. Киін,— деп еді. Есіл бұны естімегендей өз уайымын айтып жауап қатты.

— Мен енді кіммен ойнаймын?

— Мына қорадағы балалармен ойнайсың. Әжең сені көшеге алып шығып, қала аралатып көрсетеді. Трамвайға мінгізеді.

— Ал, сен ше?

— Менің бүгін баратын жұмыстарым бар. Есіл тұрып, бей-жай киіне бастады. Ма-

масының оған бұрын үйір болмаған, кешелі бері ғана көріп отырған бейтаныс әжемен қаласың деген сөзі еңсесін одан әрмен түсірді. Егер Зина үйде болса, онда Есіл қың деместен қуана-қуана қалар еді. Кеше бір ғана кеште, ол екеуі туғаннан бірге өсіп келе жатқан балалардай үйірлесіп, бауырмалдасып кетпеді ме! Тумбочка толы ойыншығын Зина оған түгел ақтарып көрсетті. Екеуі отырып сурет салысты. Есілдің бұған жаны құмар. Ол өздері тұратын колхоздың әдемі клубы мен сиыр қорасын, трактор, комбайндарды сызып таныстырды. Зина да қалыспады. Бояулы қағаздардан қиып, торғай, тауық, мысық мүсіндерін жасай алатынын көрсетті. Өстіп, бұлар кеш бойы жалықтастан төргі үйде өзгеше мәз болып, масайрап ойнап еді. Ал мына қазша мамырлап ауыр денесін әрең қозғайтын қарт әже Есілге дәл осындай көңілді бола ала ма?!

Ертеңгі шайдан кейін Жамал киініп тысқа шығуға жиналғанда, Есіл далада қалып бара жатқандай, одан әрмен қоңылтақсып кетті.

— Мама, мен де барам,— деп өтінді ол.

— Қарағым, мен сені ертіп жүре алмаймын. Бүгінше мына әжеңнің қасында қала

тұр. Ал ертең қолым бос. Паркке апарып, балалар темір жолында сейілдетем.

Әңгімеге Балбөпе әже араласты:

— Мамаң жұмысына барсын, қарағым. Ыдыс-аяқты жиып болғаннан кейін, екеуіміз магазин аралап қайтамыз.

— Магазинге бармаймын,— деп томсарды Есіл.

— Ендеше үйде отырып, тамаша ертегі айтып берем. Қу түлкінің қасқырды қалай алдап, құйрығын мұзға қатырғаны жөнінде естіп пе едің?

— Оны өзім де білем,— деді Есіл.

— Шық бермес Шығайбай туралы ертегі айтып берем.

— Оны да білем.

— Білгенің жақсы,— деді қарт әже бипаз үнмен, бұның бәрін менің Зинатайым да біледі. Ал мен болсам, екеуіңнен де көп білем. Әлі сендер естімеген басқа да көп-көп ертегі айтып бере аламын.

Бұл кезде Жамал киініп, жиналып үлгірген еді. Ол енді Есілге қатқыл үнмен бұйыра сөйледі.

— Болды. Салбыратпа ұртыңды. Қал мына әжеңмен. Бүйтетін болсаң, ендігәрі мен сені ешқайда да алып шықпаймын.

Осыны айтты да, Жамал кілт бұрылып, шығып жүре берді. Есіл екі иіні салбырап, тұрып қалды.

* * *

Ыдыс-аяқты жуып болғаннан кейін, Балбөпе әже Есілді көшеге ертіп шықты. Азық-түлік магазиніне қарай келе жатыр.

Көшеде Есіл таңқаларлықтай ештеңе кездеспеді. Қала болса, ол оны бірінші рет көріп отырған жоқ, бұдан бұрын да талай келіп кеткен. Сол баяғы биік үйлер мен асфальт көше, ағылған машиналар.

Балбөпе әже Есілді білегінен сығымдап ұстап алған. Сірә, көше тәртібін білмейді, біреуді қағып-соғып кетеді деп ойлайтын болу керек. Мұндай кемсітуге Есіл сыпа-

йыгершілік істеп, әрең көніп келеді. Әйтпесе, осынша жасқа келгенде, (Есіл қазір жетіге келіп қалды) ол өзін біреудің жетегінсіз жүре алмайтын ашық ауыз балалардың қатарына тіпті де қоспақ емес.

Міне, олар гастронормға келіп кірді. Сапырылысқан жұрттың арасымен Есілді соңынан сүйреген күйі витриналарды жағалай жүріп келді де, бір жерде Балбөпе әже кезекке тұрды, Есіл үшін бұл ара тіпті мазасыз еді. Ары-бері өткендер шынтағымен қағып, берекесін кетірді. Оның үстіне, магазин іші, әсіресе, мына адамдардың тығыз арасы қапырық, ыссы еді.

— Әже, қысылып кеттім.

— Қысылсаң анау терезе алдына барып тұра тұр. Ешқайда кетуші болма.

— Мақұл.

Есіл кісілердің арасымен әрең суырылып шықты. Бұл ара оңашалау екен. Ол бойы жазылып, сергіп қалды. Терезе тұсынан өрт сөндіретін бірнеше машина жаңғырығып өтіп еді. Оны көріп, көңілі көтеріле түсті.

Терезені қоршаған жұмыр белдеу темірге асылып, Есіл осылайша сыртқа көз тастап тұр еді, сол кезде сапқа тізілген бір топ кішкентай балалар тротуармен тура бұның алдынан өтіп бара жатты. Есіл санай бастады. Бір, екі,.. алты, он жеті... Есілдің тілі таңдайына жабысып қалғандай болды. Көзі бағжаң ете қалды.

— Зина! Зина!

Қос қабат терезеден Зина бұның даусын естімеді.

Дәл қасындағы бағанадан бері жұрт дамылсыз кіріп-шығып жатқан жарма есіктен Есіл сыртқа шықты да, жүгіріп келіп Зинаның білегінен ұстай алды:

— Зина!


Зина жалт қарап, таңырқап, әрі қуанып қалды.

— Киноға бара жатырмыз. Білесің бе, қазір «Чапаевты» көрсетеді.

«Чапаевты» Есіл былтыр қыста өз аулында бір рет көріп, мәңгі ұмытпастай әсер алған. Тағы көрсем деп, құштар боп, армандап жүретін. Ол қазір шексіз қуанышқа бөленіп:

— Мен де көрем,— деп Зинамен қол ұстасып кете барды.

Келесі көшенің бұрышындағы биік сары үй кинотеатр болатын. Тәрбиеші қыз бақша тәрбиеленушілерін залдың орта тұсына бір ыңғай отырғызып жатып, Зина Сапарованың қасындағы бейтаныс қара домалақ баланы



байқап қалды. Бірдеңе айтайын дегенше болмай, кино басталып кетті.

Кино соңынан тәрбиеші есік алдында өз тәрбиеленушілерін сапқа тізіп жатып, Зинамен қол ұстасып тұрған әлгі қара домалақ баланы тағы көрді.

— Сен мұнда неге тұрсың?

— Мына Зинамен тұрмын.

— Кімсің сен?

— Мен Есілмін.

Зина қосарласты:

— Бұл бізге колхоздан қонаққа келген. Мамасы екеуі келген.

— Мамаң қайда?

— Жұмысына кеткен.

— Киноға сені кім ертіп келді?

— Өзім... Зинамен еріп келдім.

Тәрбиеші таң-тамаша болып, иығын бір қомдады да, қазбалап сұрай бастады. Істің мән-жайын сонан соң білді.

Ол Есілді жалғыздан-жалғыз тастап кете алмады. Балалармен бірге бақшаға әкеліп, ол жөнінде өзінің бастығына баяндады. Бастық толықша келген бурыл шашты қартаң әйел екен. Ол Есілмен жайдары жылы жүзбен сөйлесті. Кім екенін, қайдан келгенін сұрады.

— Зинаға қонаққа келдік,— дейді Есіл.

— Қалай, колхоздарыңда биыл егін жақсы шықты ма?

— Шыққанда қандай. Мынадай! — деп, Есіл қолын төбесіне созды.— Жасырынбақ ойнауға болады.

— Егіннің арасына жасырынбақ ойнауға бола ма екен. Жапырылып қалмай ма?

Есіл ыңғайсызданып қалды.

— Жоқ, біз бір рет қана ойнадық. Оспан ата сонан соң қуып жіберді.

— Ол кім Оспан ата деген?

— Егін күзетеді.

— Жарамайды,— деді бастық басын шайқап,— егіннің арасына жасырынбақ ойнауға жарамайды.

Осыдан соң бастық:

— Сен өзің ақылды бала көрінесің,— деді Есілге,— бірақ магазинде тұрып, әжеңе айтпастан Зинаға ілесіп кетіп қалғаның дұрыс болмаған. Қазір сенің мұнда екеніңді ол қайдан біледі. Зар қағып, іздеп жүр ғой.

Есіл мойындап, ештеңе айта алмады. Кінәлімін дегендей танауын жап-жақсы етіп бір тартып қойды.

Бақшадағы балалар бұл кезде қолдарын жуып, тамақтануға отырған еді.

— Сен мұнда колхоздан келген қонақ екенсің. Жүр,—деп, бастық Есілді өз кабинетіне апарды. Диванға отырғызып, алдына стол қойғызып, ас әкелдірді. Астан кейін балалар тынығуға жатты. Есілге сол кабинеттегі диванға төсек салып берді. Ұйықтар алдында Есіл: «Зинаның бақшасы жаман емес екен» деп ойлап қойды. Онан соң көзіне әлгіндегі Чапаевтың өрлік істерін елестетіп жатып, қалғып кетті...

Есіл әлде қандай оқыс қозғалыстан оянып, көзін ашып алып еді. Қараса, Балбөпе әженің құшағында тұр.

— Ой, тентек неме! Ұштыгүйлі жоқ болып... Іздемеген жерім қалсайшы!

Кешінде, Жамал үйге қайтқан бетте, Балбөпе әже оған бүгінгі болған оқиғаны жыр-дан қызық етіп айтып берді. Есіл мен Зина бұл кезде кешегісінше төр үйді басына көтеріп, думандандатып жатқан.

МЕНИҢ ҚАРЫНДАСЫМ

Қызыл көйлек әшекейлі түймелі,
Одан басқа ешкім үйде кимейді.
Одан басқа ешкімді анам «гүлім» деп,
Қолын бұлғап шақырмайды, сүймейді.

Көк мысыққа күнде тышқан аңдыған,
Одан басқа бермейді ешкім дәмді нан,
Қайтқанымда бақшадан мен күн бата,
Одан басқа шықпайды ешкім алдымнан.

«Р»-ды «и» демей, айтады ол ап-анық,
Мақтау алды «жүк жинағыш» атанып.
Экскаватор, машинамды ойнап боп,
Қояды ылғи «гаражына» апарып.

Қалдырсам мен сыртқа атымды ерттеп кеп,
Үйге ылғи әкеледі ол жетектеп,
«Байлаусыз бос жібермеңіз далаға,
Көп жылқыны көрсе қашып кетед» — деп.

* * *

«Туған күнім менің, Жанат, ертең» — деп,
Айтқанымда, жүгірді ол сөкендеп,
Билеп кетті, қуыршағын тастай сап,
«Ертең ерте тұру керек екен!» — деп.

Тұрды ерте, киінді де асығып,
Кетті тысқа сырын бізден жасырып.
Таппады ма әлде нені іздеген,
Сөйлей кірді ол өкінішті жүзбенен:

— Әттегене-ай, гүл орында қар жатыр,
Бүкет әкеп бермекші ем сізге мен!..

Көк мысыққа күнде тышқан аңдыған,
Одан басқа бермейді ешкім дәмді нан.
Қайтқанымда бақшадан мен күн бата
Одан басқа шықпайды ешкім алдымнан!

Қ. Мүсірепов.

Ги Де Мопассан.

СИМОННЫҢ ПАПАСЫ

Сағат он екі соқты. Мектеп есігі шалқасынан ашылғанда, іштен бір топ сотқар бала тез шығуға асығып бірін-бірі итермелей сыртқа жөңкілді. Бірақ, күндегі әдеттерінше жан-жаққа бытырап, үйлеріне тамақ ішуге кетудің орнына, олар мектептің маңынан ұзамай топталып, өзара күбірлесіп, сыбырласа бастады.

Оның мәнісі мынау болды. Бүгін таңертең Бланшоттаның ұлы Симон тұңғыш рет мектепке келіп еді. Балалар өз ата-аналарының Бланшотта туралы сөздерін естіген-ді. Олардың шешелері Бланшоттаны жақсы көргенмен де, өзара сөйлескенде оны бір бейшара адамша мүсіркей сөз қылатын. Содан олардың балалары да сондай піірде екен. Балалар Симонды жөнді білмейтін, өйткені, ол үйден ылығы шықпайтын, деревня көшесінде, не өзен жағасында олармен асыр салып ойнамайтын. Сол үшін де олар мұны жеккөретін. Енді, міне, олар мұны табалап, алдарында арамдықпен сырырайып, көп білемсіп сөйлеп тұрған он бес жасар сотанақтың сөзін таңырқай тыңдамағанмен де соны бір-біріне қайталап қошаметтеп тұр.

— Біліп қойыңдар... Симонның... бар ғой... Оның тіпті папасы да жоқ!

Осы кезде Бланшоттаның ұлы мектептен шықты. Оның жасы жеті-сегіздер шамасында. Алпақ құдай, үсті-басы мұнтаздай таза, ұялшақтығынан тұйық бала сияқты көрінеді.

Симон үйіне кетуге беттеп еді, бірақ жаңағы жолдастары өзара күбірлесіп, бұған мысқылдай, әрі қа-



бақтарын түйіп қатты қарады. Жүздерінен бір зілді қаскөйлік жасауға беттегендіктері аңғырылады. Олар мұны барған сайын қаумалап, қоршай берді, қоршай берді, ақыры ол қоршаудың тап ортасында қалды. Ол бұлардың ортасында үн-түңсіз, таңырқап, әрі не істер екен дегендей, күдікпен қысыла қарап тұр. Манағы хабарды таратушы ересек бала өзінің ісіне масаттанған қалыппен, бұдан:

— Әй, сен тұра тұр, атың кім сенің, айтшы! — деп сурады.

— Симон.

— Оған әрі қалай!

Бала әбден қысылып, тағы да:

— Симон, — деп қайталады.

Бұған ересек бала айқай салды:

— Симон — бәленнің ұлы... деп айтпаушы ма еді... «Симон» деген де фамилия бола ма екен!

Бала, жылап жібере жаздап, үшінші рет:

— Мені Симон деп атайды, — деді.

Балалар қарқылдап күлді. Ал, манағы ересек бала масайрап:

— Міне, енді сендер білген шығарсыңдар, оның папасының жоқ екенін! — деп дауыстады.

Бәрі де үндемей қалды. Балалар бұл көздейсоң, ғажап, өте сирек кездесетін жайға қайран қалды, неге десең, баланың папасы жоқ!

Олар, бұрын жан көрмегендей, өздерінің алдында бір құбыжық тұрғандай, оған қадала қарасты. Өз шешелерінің Бланшоттаны неге жек көретін себебін бұрын білмесе де, енді бұларда да сондай сезім өрши бастады.

Симон тұрған жерінде құлай жаздап барып, қасындағы ағашқа сүйенді. Мына шарасыз бақытсыздық оның жанын езіп тастады. Папаң жоқ деген бұл ауыр айыптан құтылу үшін бар жайды айтпақ болып еді, аузына сөз түспеді.

Өңі қағаздай қуарып, ақыры, ол қайраттанып кетті де:

— Өтірік айтасыңдар, менің папам бар! — деп айқай салды.

— Ол қайда?

Симон үндемей қалды, қайда екенін білмеуші еді. Балалар күлісті, олар тым желігіп алған. Кенет, Симонның көзі көрші жесір әйелдің баласына түсті, ол да шешесімен екеуі ғана тұрушы еді.

— Сенің де папаң жоқ қой, — деді ол.

— Иә, — деп жауап берді бала, — менің папам бар!

— Бар болса, қайда!

— Ол өлген, — деп бір түрлі мақтанышпен жауап берді бала, — менің папам молада жатыр!

Топталған тентектер оны қуаттап күбір-күбір өтті, әкесі өліп, молада көмілгені олардың жолдасының беделін көтеріп, әкесі мүлде жоқ бала жәбірленіп қалғандай көрінді. Көбінесе, сотқар, маскүнем, ұры-қары болып, әйелдерін жәбірлейтін әкепердің балалары енді, міне, бірте-бірте жақындап, өздері бейнебір некелі ұлдар боп, некесіз ұлды қысып, тұншықтырып барады.

Бір кезде Симонның дәл қасында тұрған біреуі оны мазақтап, тілін шығарып:

— Папаң жоқ! Папаң жоқ! — деп айқай салды.

Симон қос қолдап оның шашынан ұстай алды да, тістеніп тұрып аяғынан тепкілей берді. Төбелес басталды. Екеуін де айырып жіберді. Симон әбден таяқ жеп, беті-басы көгеріп, үсті-басы жыртылып, жерде жатыр. Жеңіске шаттанған топ бала қол соғып оны қоршап тұр.

Ол үстінің шаңын қағып түрегелген кезде, біреуі:

— Бар да, өз папаңа айта ғой! — деп ақырды.

Енді ол істің оңбасын сезді. Олар бұдан нүшті еді, олар жабылып ұрды, бұл еш қарсылық көрсете алмады, шынында да, оның әкесі жоқ еді. Оның көзі жасқа булығып бара жатса да, намыстанып жыламайын-ақ деп бағып еді, бірақ, шыдай алмады, іштей еңкілдеп жылады.

Мұны көріп оның дұшпандары маз-мәйрәм болды, шаттанғанда естері қалмайтын жабайы адамдарға ұқсас, олар қол ұстасып, Симонды айнала жүріп биледі де:

— Папаң жоқ! Папаң жоқ! — деп қайталай берді, қайталай берді.

Кенет Симон көзінің жасын тия қойды. Оның қатты ашуы келді. Аяғының астында тастар жатыр еді, жиып алды да бар пәрменімен өз дұшпандарын атқылай берді. Тас екі-үшеуіне тиіп еді, олар еңірей қашты. Баланың өңі өте сұсты еді, басқа қалғандары да қорықты. Адамның қатты ашуы келсе, тентектердің қорқатын әдеті емес пе, бұлар да жан-жаққа бытырай қашты.

Әкесі жоқ бала жалғыз өзі қалды, тұрды-тұрды да айдалаға қарай тартты: енді не істеу керек деген ой оны жегідей жеді. Ол суға кетіп өлуге бел байлады.

Бұдан бір жеті бұрын, қайыр сұрап жүретін бір кедей суға кетіп өлді. Өйткені, оның күн көрерлігі қалмаған еді. Оны судың астынан қалай алып шыққанын Симон көрген еді. Әшейінде сол сорлы шал жаман, жалба-жұлба, ұсқымыз біреу сияқты еді, судан алып шыққанда мұны таң қалдырды. Өңі ақ-құба, сабырлы көрінді, ұзын сақалы су-су, көздері ашық, қозғалмай қарап жатыр. Маңында тұрғандар:

— Ол өлді! — деді.

Сөйткенде, әлдекім тұрып:

— Оған енді жақсы болды! — деді.

Міне, енді Симон да суға кеткелі тұр. Ол сорлы шалдың күн көрерлік ақшасы жоқ болса, ал бұның папасы жоқ.

Ол өзеннің дәл қасына жақындап келді де, оның ағысына қарады. Жылмаңдаған ұсақ балықтар мөлдір суда ойнақ салып жоғары атылып барып, су үстінде ұшып жүрген шыбын-шіркейлерді қағып алады. Бала жылауын қойып, балықтардың шіркей аулауын қызыға қарап тұр. Бірақ, әлсін-әлі, қатты жел соғып ағаштарды құлата жаздайды. Артынша, найзағайдан кейінгі бір шама толастаған күн сияқты, қайтадан тына қалады. «Мен суға кетемін, өйткені, менің папам жоқ». Өзінің жанын жегідей жеген осы бір ойдан Симон арыла алмады.

Айнала тегіс жып-жылы, сүйкімді-ақ. Күн жер бетін қыздырып тұр. Су айнадай жаптырайды. Әлсін-әлі Симон өзін-өзі ұмытып кетеді. Ол маужырауға айналды, әдетте, жылаған бала осылай етеді. Оның күнге күйіп, шөл үстінде ұйықтап та алғысы келді.

Оның аяғының қасынан кішкентай жасыл бақа сөкіріп өтті. Ол ұстап алайым деп еді, бақа шыпп етіп шығып кетті. Ол қуып жетіп үш рет ұмтылса да ұстай алмады. Ақыры, артқы екі аяғынан шап беріп ұстап еді, бақа босанам деп жанталаса тырбанды. Бұған бала күліп жіберді. Бақа аяқтарын бауырының астына жиып алады да, кейін күтпеген жерден созып жібереді, сонда оның екі аяғы таяқ сияқты қап-қатты болып кетеді. Алтын жиекті дөңгелек көздерін төңкеріп тұрып, ол бір кезде алдыңғы екі аяғын қол тәрізді ербеңдетеді.


Балаға бұл бір ойыншықты көз алдына елестетті. Айқастырыла жасалған жіңішке тақтайшалардың үстінде тұрған солдат формасындағы кішкене балалар аттаған сайын әлгі ойыншық жыланша ирелеңдеп қозғалушы еді. Енді баланың өз үйі, шешесі есіне түсіп,

қатты қамығып, қайтадан селкілдеп еңірей жылады. Ол жүресінен отырып, ұйықтар алдындағы айтатыны сияқты бір дұға оқи бастады, бірақ, оны тамамдауға мұршасы келмеді, еңрегенде көз жасы қоймына толып, тынысын тарылтып, булықтырып жіберді. Оның басқада ешқандай ойы болмады, ештеңені көзі көрмеді, өз қайғысы өзіне жетіп, құр еңіреп жылай берді, жылай берді.

Кенет, біреу өзінің салмақты қопын оның иығына салып, жуан даусымен:

— Неге сонша қамығып тұрсың, балақай! — деп сұрады.

Симон жалт қарады. Ұзын бойлы, қап-қара бұйра шашты, қара сақалды бір жұмысшы оған жылы жүзбен күле қарап тұр екен. Бала жылай сөйледі, даусы дірілдеп:



— Олар мені соқты... өйткені... менің... папам жоқ... папам жоқ, — деп жауап берді.

— Ол қалайша, — деп күлімсіреді әлгі битаныс адам, — жұрттың бәрінің де папасы бар ғой.

Баланың жүрегі аузына тығылып, сөйлей алмай қатты қиналып:

— Ал, менің... менің... жоқ! — деді.

Жұмысшы енді ойланып қалды, ол бұл араға таяуда келіп қоныстанса да, Бланшотта туралы кейбір сөздерді естіген, оның баласын да білетін.

— Жылама, бала, сабыр ет, — деді ол, — жүр, екеуіміз сенің мамаңа барайық! Біз саяан тауып береміз... папаны.

Ол баланың қолынан алды да, екеуі жолға шықты. Жұмысшы күлімдеп келеді, Бланшоттамен танысуды ол жеккөрмейтін. Жұрттың айтуынша, Бланшотта деревнядағы ең сұлу деген қыздардың бірі еді. Мүмкін, аяғы бір сүрінген қыз екінші рет тағы сүрінер деген ойдан да ол аупақ болмаған шығар. Олар кішігірім, аппақ үйдің қасына келді.



— Міне, осы! — деді де, бала, — мама! — деп айқай салды.

Іштен бір әйел шықты, сол кезде жұмысшының жүзінен күлкінің ізі бірден тиыла қалды. Бұл ұзын бойлы, аққуба келіншектің ешкімді еркінсітпейтінін ол сөзді. Өзін бір еркек алдап кеткен үйге екіншісін кіргізбеймін дегендей, ол салқын қарап тұр. Жұмысшы қысылып, бас киімін жұмарлап тұрып:

— Міне, сіздің балаңызды ертіп әкелдім, ол өзеннің жанында адасып жүр екен, — деді.

Бірақ Симон шешесінің мойнына асылып, қайтадан жылады.

— Жоқ, мама, мен суға кетпекші едім, өйткені, олар мені ұрды... ұрды... өйткені, менің папам жоқ.

Жас әйелдің жүзі оттай күйіп, қызарып кетті, қайғыға жаны ауырып, баланы емірене құшқанда, көздерінен жастары бұршақтай ағып, бетін шайды.

Бұған көңілі босаған жұмысшы, қалай кетерін білмей, тұрып қалды. Кенет, Симон оның қасына жүгіріп келіп:

— Сіз маған папа болғыңыз келе ме! — деп сұрады.

Тым-тырыс, Бланшотта ұялғаннан қатты қысылды, ләм-мим деп үн қатпастан, екі қолын кеудесіне басып, қабырғаға сүйеніп тұр, ал, бала болса, ол өз сұрағына жауап ала алмаған соң, қайтадан:

— Егер, сіз папа болмасаңыз, мен тағы да барамын, суға кетемін, — деді.

Жұмысшы мұның бәрін ойынға айналдырып, күле тұрып:

— Жоқ, жоқ, мен ырзамын, — деп жауап берді.

— Сенің атың кім! — деп сұрады бала. — Менен сұрағанда, не деп айтамын, мен соны білуім керек.

— Филипп, — деп жауап берді жұмысшы.

Симон, бұл есімді әбден жаттап алайын дегендей, бір сәт үндемей тұрды да, сонан соң, біржола жұбанып, қолын ұсынды.

— Енді, міне, Филипп, сен менің папамсың!.. — деді.

Жұмысшы оны жерден көтеріп алып, екі бетінен

құшырлана сүйді де, артына бұрылып, асыға басып үйден шықты.

Ертеңінде Симонды тағы да мектепте кекесін нүлкімен қарсы алды. Мектептен шыға бергенде, баяғы сол ересек бала кешегісін қайталамақшы болып еді, Симон оның бетіне таспен пергендей қылып:

— Филипп! Менің папамның аты осы! — деді.

Айналасында тұрғандардың бәрі қарқылдай күлді.

— Филипп, онан арғысы қалай? Филипп деген кім ол! Сен ол Филиппті қайдан тауып алдың?

Симон еш жауап бермеді. Өзіне өзі берік сенген ол қасындағыларға сұстана қарады. Оларға көнгенше, соққы жеуге әзір еді. Сол кезде мектептен мұғалім шығып, ол аман құтылды, үйіне қарай қашып кетті.

Ұзын бойлы, жұмысшы Филиппті үш ай бойы жұрт Бланшоттаның үйінен жиі көрді. Кейде, Бланшотта терезе алдында, іс тігіп отырған кезде де ол келіп еркін сөйлесіп кетеді. Бланшотта оған қашанда байсалды түр көрсетіп, сыпайы жауап береді, бірақ, еш уақытта онымен қалжыңдасып, не үйге кір деп шақырған емес. Сөйтседе, басқа еркектер сияқты Филипп те аздап өзіне-өзі сенуші еді, Бланшоттаның мұнымен сөйлескен кезде беті сәл қызарып кететінін сезді.

Бірақ, жаман атың бір шыққан соң, одан арылу қиын, ал, оны одан сайын пастай түсу ол-оңай, сол сияқты, Бланшотта да қаймығып қаншама өзін берік ұстағанмен, ауыл іші оған әртүрлі өсек таңа бастады.

Өзінің жаңа папасын Симон жанындай жақсы көрді. Тіпті күн сайын десе болар, кешке таман Филипп жұмыстан шыққан кезде екеуі бірге қыдырды. Бала сабағына қалмай катысып, оқушылардың көзіне таба болмады, олардың сықақ-мазағын да елең қылмай жүре берді.

Сөйтседе, алғаш Симонға тиіскен бала бір күні оған:

— Сен өтірік айттың, сенің Филипп деген папаң жоқ! — деді.

— Қалайша! — деп сұрады Симон қымсынған түрде.

Анау бала бұған да қоймай:

— Себебі, егер сенің папаң болса, ол сенің мамаңның ері болар еді, — деді.

Мұндай қисынды дәлелге Симон дау айта алмады, сонда да болса, ол:

— Әйтседе, ол менің папам! — деп жауап берді.

— Мүмкін, — деді ана бала, ыржаңдап, — бірақ, ол әлі де сенің папаң емес.

Бланшоттаның ұлы жерге қарап ойланып тұрып қалды. Сәлден соң жолға түсіп, Луазон ағайдың ұста дүкеніне қарай тартты, Филипп сонда жұмыс істейтін.

Ұста дүкені қалың ағаштың арасында жасырынып тұрған сияқты. Іші қап-қараңғы, жалғыз-ақ жалындап жанып жатқан үп-үлкен көріктің жалқын сәулесімен бес бірдей ұстаның білектерін сыбанып алып, төсті құлаштай соғып жатқаны байқалады. Олар оттың шарлуында тұрса да, алдарындағы өздері балғамен жаныштап жатқан ыстық темірге қыранша қадалады. Олардың соққан ауыр балғасымен қоса салмақты ойлары да ұшқындап ұшып жатқан сияқты.

Симон аңдаусызда дүкеннің ішіне жып етіп кірді де, ақырын ғана досының етегінен тартты. Филипп жалт қарады. Ұсталар істерін тоқтатып, балаға зер салып қарай қалысты. Тым-тырыс. Тыныштықты Симонның жіңішке нәзік үні бұзды:

— Тыңдашы, Филипп, сені Мишоданың баласы айтады, менің біржола папам болған жоқсың дейді.

— Қалайша! — деп сұрады жұмысшы.

Бала аңқаулықпен:

— Өйткені, сен маманның ері емессің,— деп жауап берді.

Бірақ, бұған ешкім де күлген жоқ. Филипп балғасын төске тірей ұстап, соған маңдайын сүйеп тұр. Ол ойланып қалыпты. Төрт жолдасы одан көз айырмайды, ал, бұл алыптардың арасында Симон құртақандай болып сабырсызданып олардан жауап күтіп тұр. Кенет ұсталардың бірі, жұрттың бәрінің ойын тапқандай, Филиппке қарап:

— Дегенмен, Бланшотта тәуір, жақсы қыз. Бақытсыздыққа душар болса да, өзі жинақы, жақсы тұрады. Оған адал жан кездесе ол жақсы әйел болады,— деді.

— Мұның дұрыс,— деп қостады басқалары.

Әлгі жұмысшы тағы да:

— Аяғын шалыс басқанға ол кінәлі ме! Жігіт үйленем деп серт берді, ал сондайға алданып қалғандардың ішінде жақсы әйелдер аз ба екен,— деді.

— Дұрыс, дұрыс! — деп басқалары түгел қостады.

— Ал, оның жалғыз өзіне бала өсіру оңай болып па екен, содан бері ол көзінен қанша жас төкпеді дейсің, оны тек бір құдай ғана біледі, ол шіркеуден басқа жерге қия баспайды.

— Бұл да дұрыс,— деп ұсталар тағы қостады.

Көріктің отын үрлеген терінің дыбысы ғана естіледі. Филипп кенет Симонға қарай еңкейіп:

— Мамаңа айт, кешке мен оған сөйлесуге барамын,— деді.

Сөйтіп, ол баланы өсікке қарай ақырын итермелеп шығарды да, қайтадан жұмысына кірісті.

Бес балға бірдей темірді төске ұра бастады. Өз істеріне шабыттанып шаттанған жұмысшылар күшті, қарулы қолмен түнге шейін темір соқты. Мейрам күні бар қоңраудан қатты естілетін собор қоңрауының даусындай Филипптің балғасының үні де басқа балғалардан өктем шығып, секунд сайын жаңғырыға есті-

леді. Филипптің көздері оттай жайнап, шашырай атылған ұшқын ортасында темірді ашына соғуда.

Филипп Бланшоттаның есігін келіп қаққанда, аспанда жұлдыздар туып, түн болған көзі еді. Ол үстіне тәуір бешпетін, жақа көйлегін киіп, сақал-мұрттын қырынып келіп еді. Жас келіншек табалдырықтан аттай беріп, оған ренжіген түрде:

— Филипп мырза, мұндай бейуақытта келуге болмайды,— деді.

Бұған ол бірдеңе дейін деп еді, ұялып үні шықпады.

— Сіз менің айтқанымға түсінуге тиіссіз, мен өз соңымнан сөз ертім келмейді,— деді келіншек тағы да.

— Егер сіз маған әйел болуға келіссеңіз, басқа жұрттың не шаруасы бар,— деді Филипп кенеттен.

Бұған жауап болмады, бірақ, қараңғы бөлмеде біреудің құлай кеткендей бір дыбысы естілді. Филипп те тез кіріп келді, бірақ, бұл кезде кроватта жатқан Симон олардың сүйіскен дыбыстары мен шешесінің сыбырлай сөйлеген біраз сөздерін ғана естіді. Мұнан кейін оның досы қарулы қолдарымен баланы тік көтеріп алып, құшағына қысты да:

— Ана жолдастарыңа айт, сенің папаң ұста Филипп Реми деген, егерде кімде-кім саған тисе, ол соның құлағын жұлады,— деп дауыстады.

Келесі күні, балалар мектепке жиналған кезде, кішкентай Симон сабақ басталмай тұрып, орнынан түрегелді. Оның өңі қуарып, еріндері дір-дір етті.

— Менің палам,— деді бала қоңыраудай сылдырлап,— ұста Филипп Реми, маған кім тисе де, ол соның құлағын жұлам деп уәде берді.

Бұл жолы оған ешкім күлген жоқ. Өйткені, ұста Филипп Ремиді олардың бәрі білетін. Ол, кімнің болсын мақтаныш ететін папасы еді.

1881

Орысшадан аударған Р. ЫДЫРЫСОВ.

ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНИКА

БУТЫЛҚАНЫҢ ІШИНДЕГІ ПАРОВОЗ



Мына суретке қараңдаршы. Бар бөлшектері болаттан жасалған бұл кішкентай ғана паровоз бутылканың бір жақ қабырғасына төселген рельстің бойымен жылжи алады. Және жылжығанда рычагтары мен дөңгелектері қозғалысқа келеді. Паровоз бутылка ішіне қалай түскен?

Мұны Францияның бір мастері былай жасаған:

Алдымен бутылканың ішіне паровоздың ұсақ бөлшектерін бөлек-бөлек түсірген де, оларды үлкен шыдамдылықпен, сол бутылка ішінде пинцет арқылы жинастырып құрған. Паровоздың біраз бөлшегі винтелген де, біразы желімденген.

СІРІККЕ ҚОРАБЫНДАЙ РАДИОСТАНЦИЯ

Көлемі сірікке қорабындай ғана қабылдағыш, әрі дыбыс тартқыш радиостанцияны радио ісін қызықтаушылардың бірі Л. Куприянович ойлап тауып, өзі жасаған. Бұл радиостанцияның салмағы 50 гр. ғана, 2 км. қашықтықта толқын арқылы дыбыс қабылдап, таратады. Радиостанция батареясын ауыстырмастан 50 сағатқа дейін жұмыс істей алады.



ЖАС ТАЛАПТАР ЖЫРЫ

ҚҰЛЫНШАҒЫМ

Құлыншағым, қанатым,
Құлдыраңдап шабасың,
Сылдыраса ну қамыс,
Одырайып қаласың.

Аяңдайсың, желесің,
Енеңмен бір келесің.
Ақ мамасын емесің,
Бауырына енесің.

Байлап едім желіге,
Қызықтырдың мені де.
Көздеріңді төңкеріп,
Жер тарпыдың тебіне.

Құпақ қандай, көз қандай,
Көңілім бір толғандай.
Даусың қандай сүйкімді,
Сылдыраған қоңыраудай...

ҚОШАҚАНЫМ — МОМЫНЫМ

Ақ сәулесін құйды күн,
Маңырадың таң атпай.
Бұлаңдаған құйрығың,
Төңкерілген табақтай.

Бұйра-бұйра жүніңе
Шаң тұрмасын, момыным.
Тоғытайын өзенге,
Ерсі десін оны кім?

Қошақаным, сен үшін,
Алуан түрлі шөп терем.
Ойна, бойың сергісін,
Жамырасаң жек көрем...

Қ. ДӘРІБАЕВ.

І Н І М Е

Өнеге болып өзгеге,
Үлгілі оқып жүрсің, сен.
Бітеді қанат сөзге де,
Сағынып сені күрсінсем.

Болса да бойың аласа,
Талабы таудай өренім,
Бейнеңді таңмен таласа,
Түсімде жиі көремін.

Өрнектеп қалам ойымды,
Жаңылмай өлең тоқудан,
Сағыныш билеп бойымды,
Келемін қайтып оқудан.

Ағады поезд арқырап,
Сынаптай сырғып қыраттан.
Айдыны айдай жарқырап,
Көрінді Ертіс жырақтан.

Жағасы балғын балауса,
Көркіне көзім тоймаған.
Самсаған сансыз жалаудай
Желбіреп желмен ойнаған.

Жасымнан таныс жон, жота
Жалт етіп маған қарады.
Оянып ерте он бота
Өріске беттеп барады.

Зулады поезд, зулады
Түбіттей түтіп түтінін.
Жүрегім тайдай тулады,
Асығып сен де күт, інім.

Р. СӘБИТОВ.

Қ Ы С

Ақ шапанын жамылып,
Келді тағы кәрі қыс.
Қарлы аязды сағынып,
Қалыппыз ғой бәріміз.

Қуантшы, қыс, біздерді,
Базарлықты көп әкеп.
Албыраған жүздерді,
Аймалашы, өпші кеп.

Ашуланып бораның
Қарды үйіріп, суырды.
Тым жаурағыш баланың,
Апшысын бір қуырды.

Елемейміз бірақ та,
Айқайлай берсін бораның.
Гулеген жел жырақта,
Ызыңындай араның.

Ойнап-күліп, асыр сап,
Алдық қой, міне, достасып.
Күн көзі жыли бастаса-ақ,
Кетесің бізбен қоштасып.

Ө. ЖАЙЛАУОВ.

ҚАЛЖАН

Алыстан, үлкен қаладан
Колхозға келдік жаңадан.
Мал соңынан жүгірген
Бір баланы көрдім мен.
Күн шықса болды ол үнемі
Мал қора жақта жүреді.
Қарына шелек іледі,
Қолынан түспей күрегі.
Бәрінен көршім Қалжанның
Тіліне мен таң қалдым.
Осынау буырыл құлымшақ
Мінезі жеңіл ұрыншақ.
«Құр-құр» десе тұрады,
Елендеп қамыс құлағы.
«Құрай-құрай, қошақан,
Шөре-шөре, лақан,
Сорап-сорап, ботақан,
Шәукім, бұзау — момақан».
Бәрі де оған ереді,
Су алып Қалжан береді.
Ол айтса: «Жеге-жағені»
Ешкіге тоқта дегені.
«Қош-қош!» десе қошақан,
Бәрі де тұра қалады.
Бәрі де сөзін ұғады.

* * *

Айтып-айтпай не керек,
Қалжанның тілі керемет!
Сондықтан да Қалжанды
— Жігіт, — дейді, — малжанды.

Ж. СМАҚОВ.

АТЖАЛМАН

Момынсынба бұртиып,
Тоқ қозыдай тұрысың.
Ұртың тұр ғой бұлттып,
Білемін сен ұрысың.

Ұрлығың бар ұртыңда,
Табыс деп оны мақтанба,
Құл боп жүріп құлқынға
Тез түсерсің қақпанға

БӨДЕНЕ

«Быт-быт!» деп бөдене
Тығылды көдеге.
Қонса да қашық тым,
Ұстауға асықтым,

Зулатып жүректі,
Бөдене пыр етті.
Селк етіп шошыдым,
Ұят-ау осыным!

Ә. ТАБЫЛДИЕВ.



ПАЛУАН

Отанымыздың өсем астанасы Москва. Астана құрылысшыларының зәулім де, кең спорт сарайы. Мұнда «Буревестник» спорт қоғамы бойынша еркін күрестен еліміздің чемпионы атағын алу жарысының соңғы күні өтіп жатқан. Манадан бері сахна сыртында акробаттық қимылдар жасап, ширғып жүрген қазақ жігіті жолдастарының қасына келді. Бұл — Қабден Байдосов еді.

— Қабден, дала бүркітіндей қомданып алыпсың. Жеңіске жетеріңді ширақ қимылыңнан біліп тұрмын, — деді жолдастарының бірі жауалты сын алдында тұрған палуанға. Бұл оның күресті егіз қозыдай бірге бастаған, курстас жолдасы Жүрес Ысқақов еді. Жаңағы сөзді Жүрес досының көңілін сергіту үшін айтты. Әйтпесе, өзі Қабденнің бүгінгі айқасының аса қиын болатынын жақсы біліп тұр.

— Әйтеуір, намысты қолдан бермейтінім анық, — дегенде, жас палуанның нұрлы көздері жалт ете қалды. «Әйтеуір» деген лебізді сыпайыгершілік жолымен айтып тұрғаны белгілі. Ушқын атқан отты көздері арыстанша алысуға өзін тұрғанын көрсетеді.

Ол аңғал палуан емес. Кеуделеп ұрынып, соңынан «қап!» деп санын соғар жайы жоқ. Оның бүгінгі бөлдесетін палуаны өрі күш иесі, өрі талай жыл кілем үстінде болып жүрек тоқтатқан спортшы. Халықаралық сан жарыста талайдың жауырынын жерге тигізген адам. Сомау алыс құрылық Австралияда еліміздің намысын абыроймен қорғап, XVI олимпиадалық ойындардың жүлдесін алған азербайжан палуаны Мамедбеков.

Төрешінің ысқырығы естілді. Қос палуан айқасып кетті. Екеуі де іштен алғысы келеді. Бір кезде Қабден қапысын тауып Мамедбековты қапсыра құшақтап алды. Иә, іске сәті сол бойда ол ырғап-ырғап тұрып, қарсы палуанды кілем үстінен жоғары көтеріп жамбасқа алып лақтырып жіберді. Мамед-

беков партерге түсті. Қабден екі ұпай алды. Жеңіс үшін бұл жеткіліксіз. Тағы да айқас. Палуандар бірін-бірі дік-дік көтеріп алып, шүйілте соқпақ болады. Бірақ, жауырыны жерге тиген бірі жоқ. Акробаттық қимылдармен аударылып түсіп, қайта бөлдеседі. Барған сайын Қабденнің басымдылығы арта түсті. Ол жиі-жиі іштен шалып, Мамедбековтың жауырынын жерге тигізудің қапысын іздеді. Палуандар төрт минут алысты. Осы кезде Қабден азербайжан палуанын көз ілеспес шапшаңдықпен бір жамбасқа алып лақтырып жіберді. Төрешілер ысқырығы естілді. Мамедбековтың жауырыны жерге тиді. Жеңіс Байдосовтікі!

Осы күн жас палуан Қабден Байдосовтың есінен мәңгі кетер емес. Бұл айқас көмелетке толған палуандыққа сын болды. Соның айғағы етіп Бүкілодақтық физкультура және спорт комитеті оның омырауына шеберлік белгісі — СССР спорт мастерлігінің значогін тақты.

Адамның үлкен бір бел асқанда өткен өмірін оймен шолатын әдеті бар. Қабден де сол түні жөнді ұйықтай алмады. Жеңіс қуанышы оның ойын сан саққа жүгіртті. Көз алдына бал балалықтың ұмытылмас бір көрінісі орнай қалды.

...Семей облысындағы Ақжал руднигі, V класс оқушылары дене шынықтыру пәнінің сабағында. Бір кезде мұғалім: «Балалар, бұғаналарыңның бөкіп, бұлшық еттеріңнің жетілуіне күрестің де әсері көп. Кәне, күресе алатындарың ортаға шығындар» деді. Мұндайда балалар қандай! Ортаға шыға-шыға қалды. Күреспен көп машықтанбаған кішкене Қабден де ортаға шықты. Денесі тығыншықтай тәрізді еді. Неге екені белгісіз, Сәрсен дейтін тарамысша тыртысқан арық жолдасынан жығылып қалды. Балалар күресіп, біраз серпіліп алғаннан кейін мұғалім: «Балалар, әдіс... әдіс, әдіс керек» — деп саусағын қулана шашайтып қойды. Дәл осы шақта Қабден «әдіс» деген сөздің сыры мұғалім саусақпен нұсқаған аспанда екен деп ойлады.

Көзіне ұйқы ілінбей жатқан Қабденнің ойына мектепті бітіріп, астанамыз Алматыдағы физкультура институтына оқуға аттанғаны түсті. Институттағы қызықты өмір басталып, классикалық күрес секциясына жазылғаны да есінде. Дәл осы тұста ол сонау бала кезінде мұғалімнің аузынан естіген «әдіс» деген сөздің шын мәнін ұқты.

1954 жылы Қазақстанда тұңғыш рет еркін күрес секциясы құрылды. Байдосов институттағы бірнеше жолдасымен осы секцияға жазылды. Еркін күрес Байдосов жасында көп машықтанған қазақша күреске өте ұқсас. Сондықтан бұл күрестің айла-шарықтарын үйренуге Қабден өте құмартты. Арада қызу дайындық, жеңістер мен жеңілістер аралас екі жыл өтті. Ел сенім білдіріп бірнеше рет бүкілодақтық көлемдегі жарыстарға жіберді. Енді, міне, ел сеніміне лайық азаматтық атаққа ие болды. «Буревестник» спорт қоғамы бойынша еліміздің чемпионы болды. Еркін күрестен Совет Одағының спорт мастери деген атақ алды.

Қабден Байдосовтың биылғы жылғы бұл табысына республика жұртшылығы түгел қуанды. Биыл ол Алматының физкультура институтын бітіріп, енді өзі тәрбиеші ұстаз болды.

Жуырда туысқан Қырғыз республикасының орталығы Фрунзеде өткен Орта Азия республикалары мен Қазақстан спартакиадасында Қабден Байдосов Орта Азия республикалары мен Қазақстан чемпионы деген құрметті атаққа ие болды.

С. Бердіқұлов.

БҮЛ МАҒАН САБАҚ БОЛДЫ

Менің кішкентай қайығым болды. Күнде ертемен сол қайыққа отырып үлкен көлдерден балық аулауға шығамын.

Осындай күндердің бірінде мынадай бір қызық жағдай болды. Көп балықшылармен бірге ит балық аулауға шыққан ек. Біраз балық аулаған соң, жағаға шықтым. Бұл жерде маған таныс емес балықшылар отты ойнала жайғасып, әңгіме дүкенін құрып отыр екен. Мен өзіме тамақ дайындауға кірістім. Балық бабымен пісті. Өте дәмді, әрі семіз екен. Бірақ, өзіме таныс емес жылпылдақ, әрі жұмсақ жылымышы бір зат аузыма келе берді. Мен әуелде пияз шығар деп елемен едім. Әйтседе байқайыншы деп от жарығына жақындатсам, жауын құрты екен. Сөйтсем, қармақ тілін суырып алғанда, құрттар балықтың аузында қала беретін көрінеді. Оны тазалаған уақытта байқамалпын. Мұны көрген басқа балықшылар: «Ештеңе етпейді, ендігәрі ақылды боласың» — деп күлісті.

ҰРЫ ЖЫЛАНДАР

Орта Азиядағы Зеравшан, Сырдария өзендерінен балық аулап көргендерің бар ма? Онда хаяз деген өте бағалы балық болады.

Бірде менің осы балықты аулағаным бар. Ол жолы мен күнұзын жүріп ұстаған балықтарымды пістеніп кетпес үшін торға салып, өзеннің бір жылғасына бекітіп қойдым. Бірақ тынышым кеткені сол болды: мен сәл ұзай берсем-ақ болды, өзен бойымен малтып су жыландар жетіп келеді. Торымның іші ойран-асыр болып жатқаны: балықтар ыршып-ыршып секіріп, жанын қайда қоярға жер таба алмайды. Балық аулап отырған әкерімнен қайта келіп, хаяздарды жыландан арашалап аламын.

Хаяздар, көбінесе, інде өмір сүреді. Кейбір балықшылар хаяздардың ініне жалаңаш қолын сұғып жіберіп суырып алып шығады. Кей уақыттарда хаяздардың орнына, оларды жеуге келген жыландарды ұстап алып шығатындары да кездеседі.

Бірақ, бұл жыландар аса қауіпті емес. Әйтседе, кез келген адамның оны ұстауға батылдығы жете бермейді.

А. Осинцев.

Теміртау қаласы.

КІТАПХАНАДА

Бір топ оқушы жексенбі күні өздерінің аттарына жаздырып алған кітаптарын тапсыру үшін кітапханаға келді. Кітапханашы әр оқушының қолындағы кітап мұқабасының тазалығын мұқият қарап, қабылдап алып жатты.

Бір кезде кезек Бадыровқа келді. Ол қолындағы мұқабасы жыртық-жыртық кітапты қалай өткізудің ретін таппай сипалақтай берді. Мұны байқаған кітапханашы:

— Сенің кітабыңды алмаймын. Түптеп әкелмесең төлейсің, — деді зілденіп.

— Сізден алғанда жыртық болатын. Сеніңіз, — деп анау да өзін ақтай бастады. Сөзге басқа оқушылар да араласты. Әсіресе, кішкентай Әлтай өзімен бірге оқитын жолдасы Кәмел Бадыровтың кітапты таза ұстамайтынын айтып, кітапты толету керек деген ұсынысты қолдады.

Бірақ, Байбатыр Бейсебаевтың ұсынысы мәселені әрі оңай, әрі тез шешуге жәрдемдесті. Ол кітапханадағы мұқабасы жыртық кітаптардың барлығын түптеп шығуды класс болып міндетімізге алайық, — деді.

Бұл ұсынысты маңадан бері айыпты болып үнсіз тұрған Кәмел де, басқалар да қоштады.

О. Нұрғисаев.

Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Таутүрген бастауыш мектебі.



Фемалыс УАҚЫТЫНДА



ЖҮМБАҚТАР

1. Қоян жақты,
Тақыр жонды,
Төрт тұяқты,
Төрт аяқты,
Өзі жүйрік,
Жуан күйрік.
2. Даусы азанда,
Жақсылығы қазанда.
3. Буда, буда, буда жүн,
Будаланған шуда жүн.
Сыдырып қойған сұр таспа,
Қоңыр шолақ құнажын.
4. Тон мойынды, жуан көк,
Желіп жортып бүкендеп.
Несібі даладан
Ецбек қылмай жүрер тек.
5. Жапсар тастып астында
Қызыл тонды қыз жатыр.
6. Сөйлесе сөзді,
Айтса ауызды.
Тынысы басқа
Маңдайы қасқа.
7. Қайталап атымды,
Көктемде ән саламын,
Кез келген ұяға
Жұмыртқа табамын.

Т. ЖАНҰЗАҚОВ


НАННАН ЖАСАЛҒАН САҒАТ

Дүниеде нешетүрлі сағаттар бар: ішкі құрылысы ағаштан жасалған, күн өтпейтін, ауа қысымы әсер ете алмайтындай етіп жасалған сағаттар, атомдық, кварцтық сағаттар бар екені белгілі. Ал енді, жақында немістің мастерлері жасал шығарған сағат өте қызық. Оның ішкі, сыртқы құрылыстары түгелдей наннан және камырдап жасалған. Сағат уақытты дұрыс көрсете алады.

КРОССВОРД

Көлденеінен:

5. Жазушы 3. Қабдоловтың «Өмір ұшқыны» повестіндегі басты кейіпкер.
6. Ұлт.
7. Совет Одағындағы көл.
10. Азиядағы үлкен тау.
13. Поляк халқының ұлы композиторы.
14. Дауыс түрі.
15. Африкадағы мемлекет.
16. Бағалы дәнді дақыл.
18. Спорт термині.
20. Ағылшын ақыны.
21. Анилин бояуын ашқан орыс химигі.
24. Тұрақты уландырғыш зат.
25. Орыстың ұлы актері.
26. Совет академигі.




Тігінен:

1. Капиталистік мемлекеттің астанасы.
2. Оң зарядты электрод.
3. Қазақ халқының классик ақыны.
4. Ж. Бизенің атақты операсы.
8. Дүниежүзі жастарының достық мерекесі.
9. Даңқты совет гросмейстері.
11. Совет Одағының Батыры.
12. Альпыдағы биік шың.
17. Орыстың революционер демократы.
19. Орыстың көрнекті суретшісі.
22. Искусствоның бір түрі.
23. Заттың ұсақ бөлшегі.

Құрастырған Ш. ЕСЕНҚҰЛОВ.
КазГУ-дің студенті.

ӘДЕБИ ЧАЙНВОРД



1. Советтің көрнекті балалар жазушысы.
 2. Көлемді прозалық шығарма.
 3. Татар жазушысының романы.
 4. Көрнекті қазақ совет жазушысы.
 5. Т. Жароков поэмасы.
 6. Ы. Алтынсарин әңгімесі.
 7. Абайдың жыл мезгіліне арналған өлеңі.
 8. Ә. Әбішевтің «Достық пен махаббат» атты пьесасының басты кейіпкері.
 9. Қазақ ауыз әдебиетінің түрі.
 10. Орыстың ұлы мысалшысы.
 11. Лермонтовтың поэмасы.
 12. Мұстафиннің «Қарағанды» романындағы басты кейіпкер.
 13. XIX ғасырдағы қазақ шаруалар көтерілісінің жалынды жыршысы.
 14. Әдебиеттегі теориялық термин.
 15. Қазақтың тұңғыш ағартушы ғалымы.
 16. А. П. Чеховтың әңгімесі.
 17. Қазақ эпосы.
 18. Қазақ ақыны.
 19. Орыстың атақты демократ ақыны.
- Құрастырған С. ДОСОВ

Мұқабаның бірінші бетіндегі Н. Лебедевтің «Пионер салюті» деген суреті.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х.,
Иманжанов М., Ыбраева А., Ыдырысов Р. (редактор), Қирабаев С., Нұрқатов А., Нұртазин М.

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом 63, редакция журналы «Пионер»

Қазақстан КП Орталық Комитеті жанындағы Республикалық газет-журналдар баспасы.

Подписано к печати 11/ХІІ-1957 г. УГ4906. Бум. 84×108¹/₁₆—0,75 бум. 2,46 п. л. Тираж 37000 экз.
Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 2154.



ПИОНЕР



ШЕКАРАШЫЛАР



Фотоэтиюд А. Бахваловтікі.

САРНАЙДЫ ДА СУЫҚ ЖЕЛ,
ҚАРДЫ ҰШЫРЫП ҮРЛЕЙДІ.
КҮЗЕТТЕГІ ЖАУЫНГЕР
ОЙЛЫ КӨЗІН ІЛМЕЙДІ.

АРҚАСЫНАН СЫЗ ӨТІП,
ТАЛСАДАҒЫ ӨЗЕГІ.
ЕЛ БАҚЫТЫН КҮЗЕТИП
ТҰРҒАНЫН ОЛ СЕЗЕДІ.

ЗУЛАЙ БЕРЕР КҮН ТАҒЫ
ТЕРБЕП ӨМІР КЕМЕСІН.
БӨБЕКТЕРДІҢ КҮЛКІСІ
ЖЫЛТАДЫ ОНЫҢ ДЕНЕСІН.